



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Инфляцияға шолу

2017 жылғы 1-тоқсан

Алматы, Қазақстан

Инфляцияға шолу Ұлттық Банктің тоқсандық басылымы болып табылады, инфляцияға әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторларды талдауды, сондай-ақ қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективадағы макроэкономикалық өлшемдердің болжамын қамтиды.

Құжат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде электрондық нұсқада жарияланады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы 2017 жылғы 18 мамырдағы жағдай бойынша статистикалық ақпарат негізінде дайындалды.

МАЗМҰНЫ

Резюме	4
I. Макроэкономикалық жағдайлар және қаржы секторының дамуы.....	6
1. Сыртқы макроэкономикалық жағдайлар.....	6
1.1 Әлемдік тауар нарықтарындағы ахуал.....	6
1.1.1 Мұнай нарығы.....	6
1.1.2 Түсті металдар нарығы	7
1.1.3 Азық-түлік нарығы	8
1.2 АҚШ-тағы экономикалық ахуал және ФРЖ мөлшерлемесі.....	9
1.3 Қазақстанның саудадағы әріптестер елдеріндегі экономикалық ахуал.....	11
1.3.1 Қытай	11
1.3.2 Еуропалық Одақ.....	12
1.3.3 Ресей.....	14
1.3.4 Біріктірілген сыртқы ІЖӨ және инфляция.....	15
2. Ішкі экономика	16
2.1 Ақша-кредит саясаты және қаржы секторын дамыту	16
2.1.1 Ақша нарығы және ҚРҰБ операциялары	16
2.1.2 Валюта нарығы және ҚРҰБ шетел валютасымен операциялары.....	17
2.1.3 Депозит нарығы	18
2.1.4 Кредит нарығы	19
2.1.5 Ақша агрегаттары.....	19
2.2 Бағалар және инфляциялық процестер.....	20
2.2.1 Тұтыну бағаларының индексі.....	20
2.2.2 Нақты және ішкі сектордағы бағалар.....	21
2.2.3 Инфляциялық күтулер	22
2.3 Нақты сектордың дамуы.....	23
2.3.1 Ішкі сұраныс.....	23
2.3.2 Ішкі өндіріс	26
2.3.3 Еңбек нарығы және жұмыссыздық.....	28
2.4 Бюджет саясаты.....	30
2.5 Төлем балансы	31
II. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы және ақша-кредит саясатының бұдан былайғы бағыттары.....	36
1. Болжамдарға арналған сыртқы өлшемдердің негізгі жорамалдары.....	36
2. Базалық сценарий бойынша болжам.....	37
3. Ортамерзімді перспективадағы тәуекелдер	40
Негізгі терминдер және ұғымдар.....	42
Негізгі қысқартулар тізімі	46

РЕЗЮМЕ

Жылдық инфляция 2017 жылдың бірінші тоқсаны ішінде Ұлттық Банктің нысаналы 6-8% шегінде сақталды, наурызда 7,7%-ға дейін баяулады. Инфляция құрылымында азық-түлікке жатпайтын инфляция салымының және ақылы қызмет көрсету инфляциясы салымының төмендеуі байқалды, сол кезде азық-түлік инфляциясының салымы алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды.

Экспорттаушы елдердің өндіруге шектеу қою бойынша міндеттемелерін орындаумен қолданған мұнай бағасының бұдан әрі қалпына келуі, сол сияқты металға баға белгілеудің артуы теңгенің айырбастау бағамының нығаюына ықпал етті. Бұл импорттық өнімнің кейбір қымбаттауына қарамастан, өсу қарқынының баяулауына қарай баға серпініне қолдау көрсетті. Сыртқы азық-түлік нарықтарында баға 2017 жылғы бірінші тоқсанда әлсіз төмендеуді көрсетті. Оған қоса, әлемдік нарықтардағы жоғары бәсекелестік аясында бидай бағасы төмендеуінің, сол сияқты отандық нарықтарда жеткілікті қорлардың болуының инфляцияның азық-түлік құрауыштары құрылымында астық өнімдерін қайта өңдеу өнімдеріне баға өсу қарқындары бойынша төмендету әсері болды.

Негізгі саудадағы әріптес елдердегі ахуал сыртқы сұраныстың әлсіз қалпына келуін көрсетті, инфляциялық ая Ресейдегі инфляцияның күрт баяулауы, сол сияқты оның ЕО елдерінде жылдамдатылуы есебінен бейтарап болып отыр.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің серпіні экономикада байқалған жандану белгілерін көрсетеді. 2016 жылы ІЖӨ-нің өсуі 1%-ды құрады, оған қолайлы сыртқы экономикалық конъюнктура, іскерлік белсенділіктің бірте-бірте қалпына келуі, тұтынушылық сұраныс көрсеткіштерінің жақсаруы ықпал етті.

2017 жылғы бірінші тоқсанда қалпына келу үрдісі жалғасты. Мәселен, қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсу қарқындарының көтерілуі байқалды. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда, көлік өсудің негізгі бағыттары болды.

Халықтың тұтыну шығыстары инфляция қарқынының баяулауына және әлеуметтік төлемдер өсу қарқындарының артуына қарай халықтың нақты кірістері өсуінің оң қарқындарының қалпына келуімен қолданып отырды. Мәселен, бөлшек тауар айналымы құрылымында азық-түлікке жатпайтын тауарлардың үлесі өсті, бұл тұтынушылық сұраныстың бірте-бірте қалпына келуін және кейінге қалдырылған сұраныс әсерін іске асыруды көрсетеді. ЕХРО-2017 халықаралық көрмесін өткізуге дайындық жұмыспен қамтуға және тұтынушылық сұранысқа оң әсер етті, бұл ретте ол қысқа мерзімді әсер ету факторы болып табылады. Жалпы алғанда, өндірістің оң серпінінің қалпына келуіне байланысты шығарылымның теріс айырмасы бірте-бірте қысқарады, осы арқылы ол экономиканың нақты секторының дефляциялық ықпалын төмендетеді.

Сонымен қатар, экономиканың нақты секторында бағалар тұтыну тауарларының кейбір санаттарына баға өсуінің төмендеу қарқындарын тежей отырып, өнеркәсіптік сипаттағы аралық тауарлар мен қызметтер құнының қымбаттауы ықпалында болады.

Ақша нарығында 2017 жылғы бірінші тоқсанда өтімділіктің құрылымдық профициті сақталды. Осының салдары ретінде TONIA индикаторы базалық мөлшерлеме мен пайыздық дәліздің төменгі шегінде болды. Ұлттық Банк артық өтімділікті басым түрде қысқа мерзімді ноттар арқылы алды. Депозиттер нарығында халықтың ұлттық валютаның пайдасына валюталық талдауының ауысу үрдісі сақталды. Артық өтімділіктің сақталу жағдайында сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуі байқалды. Кредит нарығында ұлттық валютада кредиттеу қарқындарының шамалы өсуі және сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуі байқалды. Ұлттық Банк 2017 жылғы ақпанда +/-1% пайыздық дәлізді сақтай отырып базалық

мөлшерлемені 12%-дан 11%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады, 2017 жылғы сәуірде мөлшерлеме осы деңгейде сақталды. Ұлттық Банк 2017 жылғы 5 маусымда базалық мөлшерлемені 10,5%-ға дейін төмендетті.

Әлемдік нарықтарда мұнайға тұрақты бағаны белгілеуге байланысты базалық сценарийдің өлшемдері бір баррель үшін 50 доллар болды.

2017 жылы ІЖӨ нақты өсуінің болжамы 2,8%, 2018 жылы – 3,6% деңгейінде күтіледі. Экономикалық белсенділіктің күтілгеннен неғұрлым тез қалпына келуі экономиканың өсуі бойынша болжамдардың өсу себептері болды. Ішкі тұтынудың бұдан әрі қалпына келуі, негізгі капиталға салынатын инвестициялардың өсуі, минералдық ресурстарды өндіру көлемінің артуы экономика өсуінің негізгі қуаты болып табылады. Ұзақ мерзімді кезеңде ІЖӨ әлеуеті бұрынғысынша 3-4% деп болжанып отыр. Ұлттық Банктің бағалауы бойынша ІЖӨ айырмасының әлсіз оң аяға көшуі 2018 жылдың бірінші тоқсанында күтіледі.

Базалық сценарийге сәйкес инфляция 2017 жылы орта мерзімді кезеңде бірте-бірте төмендеумен нысаналы 6-8% дәліз шеңберінде болады. Бұл ретте қысқа мерзімді кезеңде 2016 жылғы екінші жартыжылдықтың төмен базасы себепті инфляцияның шамалы көтерілуі ықтимал. Инфляцияның төмендеуіне қолайлы сыртқы инфляциялық ая, тең үлесті мәндерге қатысты нақты тиімді айырбастау бағамының қалпына келуі, әлемдік азық-түлік нарықтарындағы тұрақты ахуал ықпал етеді.

1. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ ДАМУЫ

2. СЫРТҚЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

1.1 Әлемдік тауар нарықтарындағы ахуал

1.1.1 Мұнай нарығы


2017 жылғы бірінші тоқсанда Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін 53,7 АҚШ доллар деңгейінде қалыптасты, өткен тоқсанмен салыстырғанда 9,1%-ға және 2016 жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда 59,3%-ға өсуді көрсетті (1-график).

Мұнайдың нарықтық баға белгіленуінің ішкі тоқсандық серпіні 2016 жылғы желтоқсанда қалыптасқан баға деңгейіне сәйкес келді. Энергия ресурстарына бағаның жалғасып отырған айтарлықтай өсуі әлемдік мұнай нарығында профициттің айтарлықтай қысқаруымен қамтамасыз етілді. U.S. Energy Information Administration жаңартылған деректеріне¹ сәйкес мұнайды өндіру мен тұтынудың арасындағы оң сальдо бір тәулікте 0,32 млн. баррель болды, бұл алдыңғы тоқсандағы мәннен 58%-ға төмен және 2016 жылғы бірінші тоқсандағы профицит деңгейінен 87%-ға төмен. Осылайша, 2017 жылғы бірінші тоқсанда мұнайдың әлемдік бағасы сұраныс пен ұсыныс арасындағы баланс жағдайына жақындады (2-график). Бұл ретте әлемдік өндірістің, сол сияқты энергия ресурстарын тұтынудың қысқаруы байқалды.

Әлемде мұнайды тұтынуы көлемдері өсуінің жылдық қарқындары 2015 жылдың соңынан бастап ең әлсіз мәнді көрсетті, бұл Жапонияда және АҚШ-та мұнайды тұтынудың қысқаруының, сол сияқты Еуропа елдерінде жылдық көрсетуде сұраныстың төмендеуінің салдары болды. Оған қоса, мұнайға деген сұраныстың өсу қарқындарының баяулауына энергия ресурстарын әлемдік ірі нетто-импорттаушы – Үндістанда жылдық көрсетуде мұнайды тұтыну көлемдерінің құлдырауы айтарлықтай қатты әсер етті (3-график).


Әлемде мұнай өндірісінің қысқаруы

1-график. Brent сұрыпты мұнай бағасы бір айда орташа алғанда



Дереккөз: U.S. Energy Information Administration (EIA)

2-график. Әлемдік мұнай нарығындағы сұраныс пен ұсыныс, тәулігіне млн. баррель



Дереккөзі: U.S. Energy Information Administration (EIA)

¹ 2017 жылғы 11 сәуірде «Short-Term Energy Outlook» айлық есебінде жарияланды

ОПЕК-тен тыс елдер тарапынан ұсыныстың жалғасып отырған құлдырауының, сол сияқты ОПЕК елдерінде өндіру көлемдерінің айтарлықтай төмендеуінің салдары болды (4-график).

Мұнайды өндіру көлемдерін 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап төмендету туралы Алжир шарты шеңберінде 2016 жылы алынған міндеттемелерге сәйкес Ресейде жылдық көрсетуде өндіру көлемінің айтарлықтай төмендеуі ОПЕК-тен тыс елдерде 2017 жылдың бірінші тоқсанында мұнай өндірісі қысқаруының негізгі факторы болды. Қытайда жылдық көрсетуде жалғасып отырған өндірудің құлдырауы қосымша фактор болды.


ОПЕК елдерінде 2017 жылдың бірінші тоқсанында алдыңғы жылдың тиісті тоқсанына қатысты мұнайды өндіру көлемдері өсу қарқындарының 0,7%-ға дейін (2016 жылғы төртінші тоқсанда – 3,7%) баяулауы байқалды. ОПЕК елдерінде энергия ресурстары өндірісі көлемдерінің төмендеуі сондай-ақ Алжир шарты шеңберінде болды. Оған қоса, Ливия мұнай өндірісіне оң үлесін жалғастырды, ол Иракпен қоса күрделі әскери-саяси жағдайға байланысты аталған шарттан шығарылған болатын.

Энергия ресурстарының нарықтық баға белгіленулеріне байланысты мұнайдың әлемдік нарықтағы сұранысы мен ұсынысының бұдан былайғы серпіні елдердің Алжир шарты шеңберіндегі әрекетіне, сол сияқты мұнайдың әлемдік бағасының өсуі аясында өндіру көлемінің қалпына келуі байқалып отырған америкалық тақта тас мұнай нарығындағы ахуалға байланысты болады, бұл салада әлемдік мұнай бағасының өсуі аясында өндіру көлемдерінің қалпына келуі байқалады.

1.1.2 Түсті металдар нарығы


Металдар нарығында 2017 жылғы бірінші тоқсанда нарық қатысушыларының нарықтық баға белгілеудің өсуін басым күткені байқалды. Мыс, алюминий, мырыш

3-график. Әлемде мұнайды тұтыну және елдердің салымы, ж/ж




Дереккөзі: U.S. Energy Information Administration (EIA)

4-график. Әлемдегі мұнай өндірісі, ж/ж



Дереккөзі: U.S. Energy Information Administration (EIA)

5-график. Мыс, алюминий, мырыш және қорғасын бағасының индексі (2015 ж. қаңтар=100 %)



Дереккөзі: Bloomberg деректері бойынша ҚРҰБ есептері

және қорғасын бағасының орташа арифметикалық индексі 2017 жылғы наурызда 2016 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 19%-ға өсті (5-график), бұл талдау жасалып отырған барлық металл бағасының өсуінен туындады.

Мыс бағасының өсуі Чили тарапынан ұсыныстың төмендеуіне байланысты болды, сондай-ақ Қытай экономикасындағы тұрақтылық белгілерімен қолдау жасалды.

Қорғасын бағасы Қытай тарапынан шикізат импортының өсуі, сондай-ақ металдың қоймадағы қорларының төмендеуі аясында ұлғайды.

Мырыштың бағасын белгілеу Оңтүстік Африкадағы өндірістің қысқаруы және Перудегі қуаттардың төмендеуі аясында өскенін көрсетті. Осымен қатар, мырыштың бағасы саладағы инвестициялар мен пайданың ұлғаюына байланысты болды.

Алюминийдің құны 2016 жылғы желтоқсан – 2017 жылғы наурыз аралығында Қытайдағы металл өндірісінің қысқаруы себебі бойынша ұлғайды.

1.1.3 Азық-түлік өндірісі


Азық-түлік бағаларының ФАО индексі 2016 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2017 жылғы наурызда 0,4%-ға аздап төмендеді. Бұл ретте қант, сүт өнімдері, өсімдік майы бағасының төмендеуі байқалып отыр. Ет пен астық бағасы шамалы өскенін көрсетті (6-график).

Қант бағасы импорттың сақталып отырған төмен сұранысының, сондай-ақ нарықтың Бразилиядан жеткізулердің болашақ ұлғаюына қатысты күтулердің ықпалымен төмендеп отыр.

Өсімдік майының бағасы 2017 жылғы бүкіл тоқсан ішінде пальма және соя майы бағасының төмендеуі есебінен төмендеді. Май бағасының төмендеуі себебі негізінен егін ауданының ұлғаюы және май дақылдарынан рекордтық түсім түсу, сондай-ақ ұсыныстың күтіліп отырған маусымдық өсуі болып табылады.

Солтүстік Америка мен Еуропадағы сүт

6-график. ФАО бағасының индексі (2002-2014 жж.=100 п.т.)



Дереккөзі: БҰҰ ПСО

өнімдерінің өндірісі көлемінің ең жоғары маусымдық өсуін күту аясында осы азық-түлік тауарларының бағасы аздап төмендегенін көрсетіп отыр. Бұл ретте сүт өнімдерінің арасында сұраныстың ұсыныстан асып кетуіне байланысты май бағасы өсуде.

Ет өнімдерінің бағасы қой және шошқа етінің бағасы өсуінің әсер етумен ұлғайып отыр. Егер қой етінің бағасы маусымдық сұраныс себебі бойынша өссе, онда шошқа еті Еуропа елдеріндегі ішкі сұраныстың өсуіне және Корея Республикасы мен Қытайға жеткізулер көлемінің ұлғаюына байланысты болды.


Өткен тоқсанмен салыстырғанда 2017 жылғы бірінші тоқсанда астықтың бағасы аздап өсті. Астық дақылдары арасында бағаның өсуі күрішке тиесілі борды, оған сұраныс Таяу Шығыс елдерінде ұлғайды. Сонымен қатар, бидайдың бағасы экспорттерлер арасындағы бәсекенің шиеленісуінің және ұсыныстың жеткілікті деңгейде сақталып отыруының қысымымен аздап төмендегенін көрсетті.

1.2 АҚШ-тағы экономикалық ахуал және ФРЖ мөлшерлемесі

Экономикалық талдау бюросының бастапқы бағасына сәйкес АҚШ-тың ІЖӨ өсуі 2017 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша 1,9% болды (7-график), бұл нарықтың күтулерінен төмен болды. Мәселен, Reuters пікіртерім жүргізген сарапшылар 2,1% өсуді күтті (өткен тоқсанмен салыстырғанда жылдық көрсеткіш бойынша 1,2%-ға өсті). Бұрын экономикалық талдау бюросы 2016 жылғы төртінші тоқсанда АҚШ экономикасының 1,9%-дан 2%-ға өсуін қайта қарады.

2017 жылғы бірінші тоқсанда нақты ІЖӨ-нің өсу қарқынының төмендеуіне түпкілікті тұтынуға арналған жеке шығыстардың өсуінің бәсеңдеуі (ауа-райының жылы болуына байланысты энергияны тұтыну төмендеді), сондай-ақ қорғанысқа арналған мемлекеттік шығыстарың төмендеуі себепші болды. Тұрғын үй құрылысына және пайдалы қазбалар өндіруге жеке инвестициялардың

7-график. АҚШ экономикасының көрсеткіштері



Дереккөздер: U.S. Bureau of Economic Analysis (BEA), U.S. Bureau of Labor Statistics (BLS)


өсуі экономиканың өсуіне оң әсер етті.

2017 жылғы бірінші тоқсанда жылдық инфляция жалпы алғанда 2% нысаналы деңгейге жуық болды және энергия тасымалдауыштар бағасының динамикасымен айқындалды (7-график). Мәселен, жылдық инфляция энергетикалық тауарлар бағасының ұлғаюы аясында 2016 жылғы желтоқсандағы 1,6%-бен салыстырғанда 2017 жылғы ақпанда 2,1%-ға дейін жеделдеді және олардың бағасының төмендеуіне қарай 2017 жылғы наурызда 1,8%-ға дейін бәсеңдеді. Тұрғын үй жалдау және көлік қызметі бағасының көтерілуі инфляцияның жеделдеуінің қосымша факторлары болды.

Еңбек статистикасы бюросының деректері бойынша АҚШ-тағы жұмыссыздық деңгейі 2016 жылғы желтоқсандағы 4,7%-бен салыстырғанда 2017 жылғы наурызда 4,5%-ға дейін төмендеді, бұл АҚШ экономикасының толық жұмыспен қамтуға жақындауымен расталады. Бұл ретте теріс факторларға бөлшек саудадағы жұмыспен қамтудың тұтынудың бәсеңдеуі аясында құлдырауын, ал оң факторларға пайдалы кен қазбаларын (бірінші кезекте – мұнайды) өндіруді қолдау саласындағы жұмыспен қамтудың тұрақты өсуін жатқызу керек. Сағат бойынша жалақы төлеудің өсуі 2016 жылғы наурызбен салыстырғанда 2017 жылғы наурызда 2,7%-ды құрады, инфляцияның деңгейін аздап жоғары және еңбек нарығындағы жұмыс күшінің жетіспеуін көрсетеді.

Осылайша, инфляцияның нысаналы деңгейге жақын болуы, жұмыссыздықтың тұрақты төмендеуі, қалыпты экономикалық өсу АҚШ ФРЖ негізгі мөлшерлемесі дәлізінің 2017 жылғы наурызда 0,75%-1%-ға дейін 25 базистік тармаққа көтерілуіне себепші болды (8-график). Ашық нарықтағы операциялар жөніндегі федералдық комитет мүшелерінің болжамы бойынша негізгі мөлшерлеменің медиандық мәні 2016 жылғы желтоқсандағы болжамдармен салыстырғанда өзгермей 1,4%-ды құрады, бұл нарықтың монетарлық саясаттың қалыпқа келуінің неғұрлым

8-график. АҚШ-тағы мөлшерлемелер



Дереккөзі: Reuters

жылдам қарқындарын күтіп отырған қатысушылар үшін күтпеген жағдай болды.


1.3 Қазақстанның сауда әріптестері елдеріндегі экономикалық ахуал

1.3.1 Қытай

2017 жылғы бірінші тоқсанда Қытайдың экономикасы өткен тоқсанмен салыстырғанда 0,1%-ға жедел өсті және жылдық көрсеткіші бойынша 6,9% болды (9-график). Инфрақұрылымға мемлекеттік инвестициялар және тұрғын үй құрылысын белсенді кредиттеу, сондай-ақ экономика өсуінің жалпы қалыпқа келуі аясында жеке инвестициялардың болжанып отырған өсуі ІЖӨ өсуінің негізгі көздері болуы жалғасып отыр. Экономиканың көптеген саласындағы өндірістік қуаттардың артық болуын және Қытай кәсіпорындары берешегінің жоғары болуын елдегі экономиканың өсудің жеделдеуін тежейтін теріс факторлар ретінде айтуға болады. Бұл ретте, ІЖӨ өсуі бойынша мақсаттың 2017 жылы 6,5%-ға дейін мемлекет мәлімдеген төмендеуін, сондай-ақ жылдың басында ақша-кредит саясатының кейбір қатаңдауын назарға ала отырып, ипотекалық кредиттеудің және мемлекеттік ынталандыру шараларының бәсеңдеуі себебі бойынша Қытай экономикасы баяулауы мүмкін. АҚШ-тағы ықтимал протекционизм саясатты, сондай-ақ Brexit-ке байланысты ЕО экономикасының баяулауы теріс факторлар болып қалуда.


Жылдық инфляция 2017 жылғы қаңтарда 2,5%-ға дейін жеделдегеннен кейін наурызда 0,9%-ға дейін төмендеді (10-график). Осы факт өткен жылғы, қолайсыз ауа-райы жағдайына байланысты көкөніс пен еттің бағасы күрт өскен кездегі жоғары базамен түсіндіріледі. Сондай-ақ өнеркәсіптегі бағалар жетінші ай қатарынан шикізатқа ішкі сұраныстың кеңейгенін көрсете отырып, жылдық көрсеткіш бойынша тұрақты өсуін көрсетті (наурызда – 7,6%). Осы факт қызмет көрсету бағасының тұрақты көтерілгенімен қатар инфляцияның бәсеңдеуінің уақыттық сипатын және оның одан әрі өткен жылдың соңындағы деңгейге қайтып келетінін

9-график. Қытай ІЖӨ нақты өсуі, ж/ж



Дереккөзі: Bloomberg

10-график. Қытайдағы инфляция, ж/ж



Дереккөзі: Қытайдың КИТАЯ

растайды.


2017 жылғы бірінші тоқсанда Қытай Халық Банкі жалпы алғанда негізгі мөлшерлемені бұрынғы деңгейде сақтай отырып, бейтарап ақша-кредиттік саясатты жүргізуді жалғастырды (11-график). Сонымен қатар, Қытай кәсіпорындарының берешегінің өсуін тежеу, тұрғын үй бағасының тым көтерілуін шектеу, банк секторындағы жүйелік тәуекелдерді төмендету және юаньнің әлемдік негізгі валюталарға қатысты бағамының тұрақтылығы мақсатында Қытайдың Ұлттық Банкі ақша нарығының қысқа және ұзақ мерзімді пайыздық мөлшерлемелерін 0,1 п.т. көтерудің екі сериясын өткізді.

2017 жылғы бірінші тоқсанның ішінде юаньнің АҚШ долларына қатысты бағамының серпінді әртүрлі бағытта болды. Мәселен, қаңтар-ақпанда капиталдың әкетілуін бақылау жөніндегі шараларды қатаңдату, сондай-ақ ақша нарығында қарыз алу мөлшерлемелерін көтеру жағдайында юаньнің бағамы нығайды және ақпанда орташа алғанда бір АҚШ доллары үшін 6,8698 юаньді құрады. Алайда наурызда ФРЖ мөлшерлемесінің көтерілуі аясында бағам бір АҚШ доллары үшін 6,8935 юаньге дейін әлсіреді (12-график).

1.3.2 Еуропа Одағы


Eurostat-тың бастапқы бағалауына сәйкес, ЕО ІЖӨ 2017жылғы бірінші тоқсандағы өсуі жылдық көрсеткіш бойынша 2,0%-ды құрады (13-график). Аздап өсу қалыпты тұтынуға және негізгі капиталға инвестицияларға байланысты болды, оларды ЕОБ ынталандыру шараларымен және жұмыссыздықтың орнықты құлдырауымен, сондай-ақ әлемдік сауданың қалыпқа келуімен және барынша әлсіз еуромен қолдау жасалды. Инфляцияның күрт екпін алуы аясында тұтынудың ықтимал төмендеуін, сондай-ақ кейбір елдердің (Кипр, Греция, Италия, Ирландия) банктерінің активтеріндегі жұмыс істемейтін кредиттердің айтарлықтай үлесіне

11-график. Қытайдағы мөлшерлемелер




Дереккөзі: Reuters

12-график. Юаньнің АҚШ долларына қатысты бағамы, орташа алғанда бір айда



Дереккөзі: Reuters

13-график. ЕО ІЖӨ нақты өсуі, ж/ж




Дереккөзі: Еуростат

байланысты банк секторындағы тәуекелдердің сақталуын теріс факторларға жатқызу керек.

ЕО-дағы инфляция серпіні 2017 жылғы 1-тоқсанда негізінен энергетикалық тауарлар бағаларының қозғалысымен айқындалды. Инфляцияның жылдық деңгейі 2016 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда ақпанда 2,0%-ға дейін көтерілді, ал бензиннің және демалысқа байланысты қызмет көрсетудің бағасы өсуінің бәсеңдеуіне байланысты 1,5%-ға дейін құлады (14-график). Сонымен қатар, шығын инфляциясына қысымды одан әрі шикізат тауарлары бағаларының 2016 жылы қалыпына келуі, ал сұраныс инфляциясына қысымды ЕОБ ақша-кредит саясатының ынталандыру шаралары және жұмыссыздықтың құлдырауы көрсетеді. Инфляцияның екпін алуының негізінен өзгермелі энергетикалық құрауышқа байланысты болғандықтан ЕОБ ақша-кредит саясатының негізгі өлшемдерін өзгеріссіз қалдырды (15-график). Реттеуші активтерді жаппай сатып алу (ай сайын 60 млрд. евро) жөніндегі бағдарламаны, егер инфляция орнықты үрдіс мақсаттарға сәйкес болмаса, ұзарту мүмкіндігімен 2017 жылдың соңына дейін одан әрі іске асыратынын растады.


Қаралып отырған кезеңде еуро 2016 жылғы желтоқсандағы бір еуро үшін 1,0537 АҚШ долларынан 2017 жылғы наурыздағы орташа алғанда бір еуро үшін 1,0686 АҚШ долларына дейін нығайды (16-график). Осы нығаю АҚШ долларының ФРЖ-ның мөлшерлеменің көтерілу қарқынын 2017 жылдың соңына дейін сақтау туралы риторикасы аясында әлсіреуіне және нарықтың АҚШ Конгресінің АҚШ президентің жоспарланып отырған саясатын қолдауына сенімсіздігіне байланысты болды. Сонымен бірге, еуро бағамының ықтимал төмендеуінің тәуекелдері Ұлыбританияның ЕО-дан шығуын іске асыруға, 2017 жылғы қыркүйектегі Германиядағы сайлау қорытындысына, сондай-ақ АҚШ-тың сауда саясатына байланысты белгісіздік болып табылады.

14-график. ЕО-дағы инфляция, ж/ж




Дереккөзі: Еуростат

15-график. ЕОБ-дағы мөлшерлемелер



Дереккөзі: Reuters

16-график. АҚШ долларының еуроға қатысты бағамы, орташа алғанда бір айда



Дереккөзі: Reuters

1.3.3 Ресей


Ресей статистикасының бастапқы бағалауына сәйкес 2017 жылғы бірінші тоқсанда Ресей экономикасы екінші тоқсан қатарынан өсуін жалғастырды және жылдық көрсеткіш бойынша 2016 жылғы төртінші тоқсандағы 0,3%-бен салыстырғанда 0,5% болды (17-график). Бұл ретте пайдалы қазбаларды өндірудің, электр энергиясын, газды және суды, ауыл шаруашылығын, көлікті өндіру және бөлу көлемінің өсуі, сондай-ақ бөлшек сауда айналымының құлдырауының баяулауы жағымды факторлар болды. Жағымсыз факторларға құрылыстағы құлдыраудың күшеюі және өңдеуші өнеркәсіптегі уақытша құлдырау жатады. Тұтыну және инвестициялық сұраныстың біртіндеп қайта қалпына келуі ІЖӨ-нің өсу көзі болып табылады.

2017 жылғы бірінші тоқсанда жылдық инфляция Ресейде 2016 жылғы желтоқсандағы 5,4%-дан 2017 жылғы наурызда 4,3%-ға дейін төмендеді (18-график). Жылдық инфляцияның мұндай күрт төмендеуі рубльдің айырбастау бағамының нығаюымен, тұтынушылық сұраныстың іркілуімен, сондай-ақ инфляциялық күтулердің айтарлықтай төмендеуімен байланысты болды.

Жинақ ақшаға ынталандыруға қолдау көрсету, сондай-ақ инфляцияны қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада нысаналы 4% деңгейінде нығайту үшін Ресей Банкі қалыпты қатаң ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырды, бірақ инфляцияның күткендегіден жылдам төмендеуіне байланысты негізгі мөлшерлемені 10%-дан наурызда 9,75%-ға дейін төмендетті (19-график). Соған қарамастан, рубльді нығайтуды ауыстыру тиімділігінің таусылуы, нақты жалақылардың біртіндеп қалыпқа келуі, сыртқы күйзелістерге ұшырағыштық болашақта инфляцияның өсу тәуекелінің факторлары болып табылады.


Ресей рублінің АҚШ долларына қатысты бағамы 2017 жылғы наурызда 2016 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 6,6%-ға

17-график. Ресейдегі ІЖӨ-нің нақты өсуі, ж/ж




Дереккөзі: Ресстат, РФ Экономикалық даму министрлігі

19-график. Ресейдегі мөлшерлемелер



Дереккөзі: Reuters

20-график. Рубльдің АҚШ долларына бағамы, бір айда орташа алғанда



Дереккөзі: Reuters


нығайды (20-график), оған мұнай бағасының қайта қалпына келуіне байланысты шетел валютасы ұсынысының өсуі, мөлшерлемелердің жоғары болуы және тәуекел үшін ел бойынша сыйлықақының төмендеуі аясында Ресей активтері тартымдылығының сақталуы ықпал етті. Ресей Федерациясы өтпелі бюджет қағидалары шеңберінде жүзеге асыратын валютаны сатып алу, сондай-ақ сыртқы борыш бойынша нақты төлемдер (Ресей Банкінің бағалауынша 2017 жылғы бірінші тоқсанда 15,8 млрд. АҚШ долларына дейін) бағамның қалыптасуына айтарлықтай әсер еткен жоқ. Мұнай бағасының төмендеуі және соған сәйкес капиталдың әкетілуі рубльдің әлсіреуінің негізгі тәуекелдері болып табылады.

1.3.4 Біріктірілген сыртқы ІЖӨ және инфляция

Қазақстанның халықаралық сауда құрылымы туралы деректер негізінде есептелетін және Қазақстанның экспортына сұранысты сипаттайтын біріктірілген сыртқы ІЖӨ көрсеткіші талданып отырған кезеңде 11 базистік тармаққа өсті (21-график). Мұндай жақсару Ресей экономикасының қалыпқа келуімен және ЕО мен Қытайдағы ІЖӨ аздап жылдамдауымен байланысты болды. Негізгі сауда әріптес елдердің біріктірілген сыртқы ІЖӨ-нің әлсіз өсуі 2017 жылғы бірінші тоқсанда сыртқы сұраныстың қалыпты жақсарғанын көрсетеді.


Негізгі сауда әріптес елдердің Қазақстан импортындағы үлесі бойынша есептелген тұтыну бағаларының біріктірілген сыртқы индексі 40 базистік тармаққа төмендегенін көрсетті (22-график). Мұндай төмендеу Ресейде жылдық инфляцияның айтарлықтай баяулауымен және Қытайда уақытша төмендеуімен байланысты болды. Жалпы алғанда, бұл көрсеткіштің төмендеуі сыртқы инфляцияның Қазақстанның тұтыну нарығына қысымының одан әрі әлсірегенін білдіреді.

21-график. Орташа алынған сыртқы ІЖӨ, ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ есептері

22-график. Орташа алынған сыртқы АБИ, ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ есептері

2. ІШКІ ЭКОНОМИКА

2.1 Ақша-кредит саясаты және қаржы секторын дамыту

2.1.1 Ақша нарығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операциялары


2017 жылғы бірінші тоқсанда ақша нарығында теңгемен өтімділіктің құрылымдық профициті сақталды. Бұл жағдайда Ұлттық Банктің артық өтімділікті алу бойынша операцияларының көлемі өсуін жалғастырды. Негізгі көлем бұрынғысынша Ұлттық Банктің айналыс мерзімі 7, 28, 91, 182 және 364 күндік қысқа мерзімді ноттары арқылы алынды. 2016 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда айналыстағы ноттар көлемі 2017 жылғы наурыздың соңында 27%-ға ұлғайды. Сонымен бірге Ұлттық Банктің бір күндік депозиттеріне сұраныстың өсуі байқалды. Екінші деңгейдегі банктерге қолдау көрсету шараларының шеңберінде Ұлттық Банк 2017 жылғы бірінші тоқсанда банктерге қысқа мерзімді қарыздар, оның ішінде банктерді шоғырландырудың жария етілген процестеріне қолдау көрсету шеңберінде қарыздар берді (23-график).

Экономикадағы қолайлы сыртқы және ішкі жағдайлар аясында Ұлттық Банк 2017 жылдың бірінші тоқсанында базалық мөлшерлеменің деңгейін төмендету арқылы ақша-кредит жағдайларын жұмсартуды жалғастырды. Мәселен, 2017 жылғы 20 ақпанда +/-1%-дық аралықты сақтай отырып, 12%-дан 11%-ға дейін төмендеді.

2017 жылғы қаңтар-ақпанда, сондай наурыздың ортасында жекелеген банктерде теңгемен өтімділікке сұраныстың жоғары болуына байланысты ақша нарығында мөлшерлемелердің аздаған құбылуы байқалды. Соның нәтижесінде TONIA мөлшерлемесі, көбіне, пайыздық дәліздің төменгі шегінен жоғары деңгейде болды. Бұл ретте Ұлттық Банктің бір күндік РЕПО нарығына қатысу үлесі 2017 жылғы бірінші тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда қысқарды.


Бұл ретте ақпанның соңынан бастап базалық мөлшерлеме төмендегеннен кейін TONIA пайыздық дәліздің төменгі шегіне

23-график. ҚРҰБ ішкі нарықтағы операциялары (ашық позиция, млрд. тг.)



* Бағалы қағаздарды кері сатумен сатып алу ҚРҰБ аукционы
Дереккөзі: ҚРҰБ

24-график. Базалық мөлшерлеме және TONIA




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

жақын болды (24-график).

2017 жылғы бірінші тоқсанда Money Market Index 7,65-11,96% аралығында ауытқыды. 2017 жылғы бірінші тоқсанда MMI орташа алынған мәні 10,30% (2016 жылғы төртінші тоқсанда – 11,11%) болды. Негізгі үлес РЕПО нарығына тиесілі болды (25-график).

25-график. MMI серпіні және мәмілелер көлемі (млрд. тг., оң ось)



Дереккөзі: ҚҚБ

2.1.2 Валюта нарығы және Ұлттық Банктің шетел валютасымен операциялары


2017 жылғы бірінші тоқсанда ішкі валюта нарығында ахуал тұрақты болып қалды. Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының ауытқуына мұнайдың әлемдік бағасы мен Ресей рублі бағамының серпіні ғана емес, ішкі факторлар да, атап айтқанда тоқсанның екінші айында өтетін «салық аптасы» әсер етіп, теңгенің нығаюына ықпал етті.

Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы көбіне нығаю үрдісін көрсете отырып, тоқсан ішінде бір АҚШ доллары үшін 311,49-334,51 теңге аралығында ауытқыды (26-график). Тоқсанның қорытындысы бойынша теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық (нарықтық) бағамы 5,9%-ға өсті.

2017 жылғы бірінші тоқсанда Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығына қатысу үлесі нөлге тең болды (27-график). Теңге бағамы сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен теңестірілді.


Қарастырылып отырған кезеңде KZT/USD валюталық жұбы бойынша биржалық және биржадан тыс сауда-саттық көлемінің аздап, тиісінше 5,2%-ға және 4,6%-ға төмендеуі байқалды.

26-график. Айырбастау бағамының серпіні және валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ

27-график. Ішкі валюта нарығындағы ҚРҰБ өктемдіктері (нетто)



Дереккөзі: ҚҚБ

2.1.3 Депозит нарығы


Ішкі валюта нарығындағы ахуалдың тұрақтануы және ұлттық валютадағы депозиттер тартымдылығының сақталуы теңгемен депозиттер көлемінің өсуіне жағымды әсер етуін жалғастырды. 2017 жылғы бірінші тоқсанда ұлттық валютадағы депозиттер шетел валютасындағы депозиттердің 11,3%-ға төмендеуі аясында 7,6%-ға ұлғайды. Нәтижесінде теңгемен депозиттердің көлемі 2014 жылғы қазаннан кейін алғаш рет валюталық депозиттердің көлемінен асып түсіп, наурыздың соңындағы жағдай бойынша депозиттердің долларлану деңгейі 2016 жылғы төртінші тоқсандағы 54,6%-дан төмендеп, 49,8%-ды құрады.

Шетел валютасындағы депозиттердің қысқаруы теңгенің нығаюы нәтижесіндегі қайта бағалаумен (жылдың басынан бері 5,9%-ға) де, нақты әкетілуімен (6,1%) де байланысты болды.

Заңды тұлғалардың валюталық салымдары бірінші тоқсанда теңгемен салымдардың 8,7%-ға ұлғаюы аясында 12,2%-ға қысқарды, бұл заңды тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттері үлесінің 2016 жылғы желтоқсандағы 49%-дан 2017 жылғы наурызда 43,6%-ға дейін төмендеуіне әкелді. Жеке тұлғалар депозиттерінің валюталық құрылымында да салымдардың долларлану деңгейінің 2016 жылғы желтоқсандағы 62%-дан валюталық салымдардың 10,3%-ға төмендеуі және теңгемен салымдардың 5,6%-ға ұлғаюы нәтижесінде ағымдағы жылғы наурызда 58%-ға дейін төмендеуі байқалады.

Ұлттық валютада тартылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,6%-дан 2016 жылғы желтоқсанда 9,7%-ға дейін, шетел валютасындағы депозиттер бойынша 2,2%-дан 1,9%-ға дейін төмендеді.

28-график. Теңгемен және шетел валютасымен депозиттердің көлемі және олар бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

2.1.4 Кредит нарығы

2017 жылғы бірінші тоқсанда кредиттеу нарығында жылдың басындағы маусымдық факторлармен байланысты кредиттеу көлемінің төмендеуі байқалды.

Кредиттеу көлемі бір тоқсанда 1,6%-ға төмендеді (29-график). Кредиттеу көлемінің азаюына заңды тұлғаларға кредиттердің төмендеуі (2,3%-ға) ықпал етті, ал жеке тұлғаларды кредиттеу бұрынғы деңгейде қалды.

Бұл ретте 2017 жылғы бірінші тоқсанда 2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда жаңа кредиттер 3,6%-ға көп берілді.

Валюталар құрылымында ұлттық валютадағы кредиттердің өсуі (1,9%-ға) жалғасуда және шетел валютасында кредиттеу қарқыны төмендеуде (8,8%-ға).

Кредиттеудің өсуіне бірінші тоқсанда ауыл шаруашылығы, көлік және құрылыс салалары қосқан жағымды үлес кредиттердің бестен бірі тиесілі сауданы кредиттеудің төмендеуімен теңестірілді. Сауда кәсіпорындарына берілген кредиттер 7,2%-ға (2016 жылғы төртінші тоқсанда 1,3%-ға өсу) төмендеді. Кредиттеу көлемінің айтарлықтай төмендеуі байланыс саласында (19,5%-ға) байқалды (30-график).


Шағын кәсіпкерлікті кредиттеу 2017 жылғы бірінші тоқсанда 1,5%-ға ұлғайып, 3 трлн. теңгені құрады, бұл іс жүзінде экономикаға берілген барлық кредиттер көлемінің төрттен бір бөлігін (24,4%) құрайды.

2017 жылғы наурызда ұлттық валютадағы кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2016 жылғы желтоқсандағы 15,6%-дан 2017 жылғы наурызда 14,8%-ға дейін төмендеді.

2.1.5 Ақша агрегаттары


2017 жылғы бірінші тоқсанда жылдық көрсеткіште ақша ұсынысының тұрақтануы байқалды (31-график). 2017 жылғы қаңтар-наурызда ақша базасы 0,7%-ға кеңейді, ақша массасы 3,1%-ға қысқарды, айналыстағы

29-график. Кредиттердің көлемі және олар бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

30-график. Кредиттеудің өсу қарқынына салалардың үлесі




Дереккөзі: ҚРҰБ

қолма-қол ақша 5,9%-ға төмендеді.


Жылдық көрсеткіш бойынша ақша массасының қалыптасуына негізгі оң үлесті Ұлттық қордың теңгелік шоты және басқа да таза ішкі активтер қосты. Ақша массасының қалыптасуына теріс үлесті Ұлттық Банк міндеттемелерінің Үкіметке талаптардың артуы нәтижесінде Үкіметке талаптар қосты (32-график). Ақша базасының өсуінің негізгі ұстаушы факторы таза халықаралық резервтердің қысқаруы болып табылады. Бұл ретте экономикаға ішкі талаптар құрылымында Ұлттық қордың теңгелік шотын қысқартудан және Проблемалық кредиттер қорын капиталдандырудан оң салымдар артық өтімділікті алу мақсатында қысқа мерзімді ноттарды орналастыру нәтижесінде банктерге талаптардың теріс өсуімен толық нивелирленді. Мәселен, айналыстағы ноттардың көлемі 2017 жылғы наурыздың соңында 2016 жылғы наурыздың соңындағы көрсеткіштен 8 есе артады.

31-график. Ақша агрегаттарының өсуі, ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

График 32. Ақша массасы қалыптасу көздерінің серпіні, ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

2.2 Бағалар және инфляциялық процестер

2.2.1 Тұтыну бағаларының индексі

Инфляция төмендеді және 2017 жылдың басынан бастап Ұлттық Банктің нысаналы дәлізі шегінде тұр.

Жылдық инфляцияның баяулау факторлары ұлттық валюта бағамының нығаюы, әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағаның тұрақты серпіні, сондай-ақ қалыпты инфляциялық күтулер болды.

2.2.1 Тұтыну секторындағы бағалар

Жылдық инфляция 2016 жылғы желтоқсандағы 8,5%-дан 2017 жылғы наурыздағы 7,7%-ға дейін төмендеді (33-график).

Базалық инфляция жеміс-көкөніс

өнімінің, реттелетін қызметтің, энергия ресурстарының бағасын есепке алмағанда 8,9%-дан 7,7%-ға дейін төмендеді, бұл тұтыну баға индексінің барынша тұрақты бөліктерін (құбылмалы және ауыспалы құрамдас бөліктердің ықпалынсыз) төмендету серпінін жалғастыру туралы кұәландырады. Алайда жалпы инфляциямен мәннің сәйкес келуі базалық инфляция құрылымындағы тәуекелдердің сақталып отырғандығын көрсетеді.

Жылдық инфляция құрылымында азық-түлікке жатпайтын тауарлар (ЖЖМ-ды есепке алмағанда) үлесінің, реттелетін қызметтердің төмендеуі, сондай-ақ реттелмейтін қызмет көрсету үлесінің және азық-түлік инфляциясының (жемістер мен көкөністерді қоспағанда) аздап төмендеуі байқалды (34-график).


Тұтастай алғанда, 2017 жылғы наурызда азық-түлік тауарларының инфляциясы 2016 жылғы желтоқсандағы деңгейде (9,7%) қалды. Көкөніс және ет бағасының өсу қарқынының көтерілуі азық-түлік өнімдерінің қалған санаттары (нан-тоқаш өнімдері, қант, алкогольсіз сусындар және т.б.) бағасының өсу қарқынының баяулауымен аздап өтелді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясы 9,5%-дан 8,5%-ға дейін баяулады, ақылы қызмет көрсету тарифтері – 6,1%-дан 4,7%-ға дейін өсті.

2.2. Нақты және сыртқы секторлардағы баға

Өнеркәсіп өнімін өндірушілердің бағасы тау-кен өндіру өнеркәсібі өнімі бағасының жедел өсуі есебінен жылдық көрсеткіш бойынша 2016 жылғы желтоқсандағы 15,5%-дан 2017 жылғы наурыздағы 26,7%-ға дейін көтерілді (35-график). Сонымен қатар, қазақстандық нарыққа жеткізілетін өнім бағасының өсу қарқыны 20,6%-дан 19,5%-ға дейін аздап баяулады. Атап айтқанда, 2017 жылғы бірінші тоқсанда өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда іс жүзінде өңделмеген мұнай, табиғи газ өндіруден басқа, өнеркәсіптің барлық салалары,


33-график. Жылдық және базалық инфляцияның серпіні , ж/ж



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК


*жеміс және көкөніс, тұрғын үй-коммуналдық қызметтері, темір жол көлігі, байланыс, бензин, дизель отыны және көмір бағаларын есепке алмағанда

График 34. Құрауыштардың инфляцияға үлесі, ж/ж



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері

35-график. Өнеркәсіпте бағалардың өзгеруі, ж/ж



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК

сондай-ақ автокөлік құралдары бойынша бағаның өсу қарқыны төмендеді.

Өнеркәсіптік сипаттағы қызметтің бағасы 3,6%-дан 5,7%-ға жедел өсті.

Ауыл шаруашылығында бағаның өсу қарқыны 8,7%-дан 5,6%-ға дейін төмендеді (36-график). Төмендеуге көкөніс және ет-сүт өнімі бағасының жедел өсу қарқыны кезінде астық дақылы бағасының өсу қарқынының баулауы себепші болды. Астық бағасының төмен серпіні қорлардың жеткілікті болуына және әлемдік нарықтардағы жоғары бәсекелестікке орай бидай экспортының төмендеуіне байланысты. Көкөніс және ет өнімі бағасының жедел өсуіне сатып алынатын ресурстар, негізгі және айналым қорлары құнының көтерілуі, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы субсидиялау және салық салу саласындағы күтулі және нақты өзгерістердің ықпалы себепші болды.


Көтерме сату секторында бағаның өсуі жылдық көрсеткіште 2017 жылғы наурызда баяулады (11,8%-дан 7,2%-ға дейін). Бағаның баяулауы тұтынушылық азық-түлікке жатпайтын тауарлар және өндіріс құралдары бойынша байқалды. Бұл ретте бірінші тоқсан үшін аралық тұтыну өнімінің (отын, металдар, химиялық өнімдер) бағасы жедел қарқынмен өсті.

2017 жылғы бірінші тоқсанда импортталатын тауарлар (АҚШ долл.) бағасының жедел жылдық өсу қарқыны байқалды, олар ұлттық валюта бағамының нығаюымен нивелирленді. Импортталатын өнім құнының ұлғаюы доллар баламасындағы тұтынушылық және инвестициялық тауарлар бөлігінде байқалды, бұл ретте теңгелік баламада өсу қарқынының төмендеуі байқалды (37-график).

2.2.3 Инфляциялық күтулер


Халыққа жүргізілген пікіртерім нәтижесі 2017 жылғы бірінші тоқсанда респонденттердің көпшілігі жыл бойы бағаның өскенін байқауды жалғастырып отырғандығына қарамастан бағаланып отырған инфляция деңгейінің төмендеуін

36-график. Ауыл шаруашылығында бағалардың өзгеруі, ж/ж



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК

37-график. Импорттық түсімдер бағасының өзгеруі, тоқсан үшін



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ-нің есеп айырысулары

көрсетті. Респонденттер өткен кезеңдерге қарағанда соңғы 12 айда тұтынушылық тауарлар және қызметтер бағасының өсуінің жоғары қарқынының ең аз пайызды атап өтті. Бұл ретте бағаның өсу қарқынын атап өткен сұратылғандардың үлесі ұлғайды.

Бірінші тоқсанда халықтың күтулері келесі 12 айдағы баға өзгерістерінің перспективаларымен салыстырғанда жақсарды. Таяудағы 12 айда бағаның өсуін күткен респонденттердің үлесі 73%-дан 67%-ға дейін төмендеді (38-график). Респонденттердің негізгі үлесі инфляцияның жеделдеуін болжамдайтын үлестің кейбір төмендеуі және баға қазіргіге қарағанда барынша жай қарқынмен өсетіндігін болжамдайтын респонденттер санының айтарлықтай ұлғаюы кезінде ағымдағы деңгейде өсуді күтеді.

Осылайша, халықтың инфляциялық күтулері азық-түлік өнімдері, азық-түлікке жатпайтын тауарлар және ақылы қызмет көрсету бағасының өсу қарқынының ұзақ мерзімді перспективаларымен салыстырғанда 2017 жылғы бірінші тоқсанда тұрақтандырылды.

2.3 Нақты сектордың дамуы


Сыртқы экономикалық конъюнктураның жақсаруы және ішкі нарықтардағы ахуалды тұрақтандыру аясында экономикалық белсенділікті қалпына келтіру жалғасты.

2.3.1 Ішкі сұраныс

2016 жылы ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен, ең алдымен жалпы жинақтың және үй шаруашылығындағы тұтынушылық шығыстардың өсуі есебінен 0,3%-ға ұлғайды. Экспорттың теріс үлесінің қысқару үрдісі жалғасты (39-график), бұл шикізат тауарларының әлемдік нарықтарындағы баға конъюнктурасының жақсаруына байланысты болды. Минерал өнімдерінің және қара металдар экспортының өсуі экспорттың жалпы көлемін қалыптастыруға ықпал етті. Негізгі капиталдың жалпы жинағы 3,0%-ға ұлғайды. Осы өсу тау-кен өндіруші


38-график. Бір жылдан кейін баға өсімін бағалау

Сіздің пікіріңіз бойынша, жалпы алғанда, тағам өнімдерінің, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың және қызметтердің бағасы келесі 12 айда өзгере ме?



Дереккөзі: GFK Kazakhstan

39-график. ІЖӨ декомпозициясы. ІЖӨ өсіміне экономика салаларының салымы, ж/ж



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері

өнеркәсібіндегі негізгі капиталға инвестициялардың 14,8%-ға және ауыл шаруашылығында 46,7%-ға және жылжымайтын мүлікпен операцияларға 13,7%-ға ұлғаюына себепші болды. Сонымен қатар материалдық айналым қаражатын қалпына келтіру серпіні байқалды, олардың ІЖӨ-ге теріс үлесі айтарлықтай азайды.

Импорт инвестициялық және тұтынушылық сұраныстың жандануы нәтижесінде қалпына келтіруді жалғастырады. 2016 жылғы төртінші тоқсанда тауарлар импортын құрайтындардың барлығы (тұтынушылық, инвестициялық және аралық импорт) номиналдық көрсеткіш бойынша қалыпты өсуді көрсетті.


2016 жылдың қорытындылары бойынша үй шаруашылықтарын тұтынуға жұмсалған шығыстар 1,1%-ға өсті (40-график). Тұтынушылық сұраныстың оң серпіні жалақының нақты көрсеткіште ұлғаюына, инфляцияның төмендеуіне, сондай-ақ валюта нарығындағы тұрақты ахуалға байланысты болды. 2016 жылғы төртінші тоқсанда тұтыну шығыстарының өсуіне азық-түлік тауарлары шығыстарының ұлғаюы көп үлес қосты. Бұдан басқа, ақылы қызмет көрсету тарапынан оң үлестің ұлғаюы байқалады (41-график).

Халықтың кірістері

2017 жылғы бірінші тоқсанда 2017 жылдың басынан бері зейнетақы төлемдері мен әлеуметтік жәрдемақылардың ұлғаюы есебінен номиналды ақшалай кірістер жедел өсті (10,4%-ға дейін) (42-график).


Нақты ақшалай кірістердің оң аймаққа өтуі байқалды (2,4%-ға өсу), бұл жылдық инфляцияның төмендеуіне, сол сияқты 2017 жылғы наурызда номиналдық кірістердің айтарлықтай өсуіне байланысты болды.

40-график. Үй шаруашылықтарының тұтынуы, халықтың нақты ақшалай кірісі және бөлшек тауар айналымы серпіні, ж/ж үдемелі жиынтығымен



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК

41-график. Үй шаруашылықтары номиналды тұтыну шығыстары өсімінің құрылымы, ж/ж



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері

42-график. Номиналды және нақты кірістерінің индекстері, ж/ж



* алдын-ала деректер
Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК

Инвестициялық белсенділік

2017 жылғы бірінші тоқсанда инвестициялық белсенділік сақталды, негізгі капиталға инвестициялардың өсуі алдыңғы жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда 3,1% болды (43-график).

Бұл ретте инвестициялардың өсімі қарқынындағы шамалы баяулау инвестициялардың құрылымында ең үлкен үлеске ие кен өндіру өнеркәсібіндегі негізгі капиталға инвестициялардың алдыңғы жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 14,1%-ға қысқаруына байланысты болды, бұл Қашаған мұнай кен орнындағы құрылыс жұмыстарының аяқталуына байланысты болды.

Экономика салаларының басым бөлігінде оң серпін байқалады. Мәселен, 2017 жылғы бірінші тоқсанда негізгі капиталға инвестициялардың айтарлықтай өсуі өңдеу өнеркәсібінде тіркелген (32%), бұл Атырау және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту бойынша жұмыстардың іске асырылуы, сондай-ақ тамақ өнімдері өндірісіне негізгі капиталға инвестициялардың өсуі (19,9%) себепші болды.


Негізгі капиталға инвестициялардың жоғары өсу қарқыны ауыл шаруашылығында (22%), жылжымайтын мүлікпен операциялар жүргізу (12,8%), ЭКСПО-2017 дайындауға және өткізуге байланысты тұру және тамақтану жөніндегі қызметтер секторында (121,7%) сақталып отыр.

Тұрғын үй құрылысына инвестициялар жоғары қарқынмен өсуде (13,8%), негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлеміндегі олардың үлесі 14% құрайды.

2017 жылғы бірінші тоқсанда инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 71,8%, сыртқы – 28,2% болды.

2016 жылдың қорытындысы бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы әкелінуі 20,1 млрд. АҚШ долларын құрап, 2015 жылмен салыстырғанда 40%-ға өсті.

43-график. Экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі капиталға инвестициялар, салым, ж/ж өспелі қорытындымен



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері

Шетелдік инвесторлар үшін ең тартымды минералдық ресурстарды өндіру және қайта өңдеу, геологиялық барлау және сауда салалары болып қалады.

2.3.2 Ішкі өндіріс


2016 жылдың қорытындысы бойынша өндіру әдісімен нақты ІЖӨ өсімі алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне қатысты 1,0% құрады (44-график).

2017 жылғы бірінші тоқсандағы негізгі салалар бойынша статистикалық деректер экономиканың тез қалпына келуін көрсетеді, бұл, бір жағынан, төмен базаның әсеріне, екінші жағынан сыртқы және ішкі нарықтардағы ахуалдың жақсаруына байланысты. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор алдыңғы жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 2017 жылғы бірінші тоқсанда 4,9%-ға өскен (45-график).

Өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқынының қалпына келуіне Ресей мен Қытай тарапынан сұраныстың біртіндеп қалпына келуі аясында шикі мұнай өндірудің, оның ішінде Қашаған кен орнында, метал кенін өндірудің, өңделген мұнай мен металлургия өнеркәсібі өнімдерін өндірудің ұлғаю себепші болды.


2017 жылғы бірінші тоқсанда алдыңғы жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда өсуі 6,5% құраған өңдеу өнеркәсібі құрылымының барлық шағын салаларында көрсеткіштердің жақсаруы байқалды (46-график). Мысалы, металлургия саласы құрылымдағы негізгі үлеске ие болып, оң үлесін тигізіп отыр. 2017 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша түрлі-түсті металлургия мен қара металлургия өндірісінің өсу қарқыны тиісінше 7,0% және 7,3% болды. Импорт алмастыру және шикізатқа жатпайтын салаларды дамыту процестері жалғасуда. Мұнайды қайта өңдеу өнімдерін өндіру көлемдері 17,8%-ға, негізгі фармацевтика өнімдерінің – 25,1%-ға, жеңіл өнеркәсібі – 17,0%-ға, жиһаз өндірісі – 5,8%-ға және тамақ өнеркәсібі – 3,4%-ға өсті. Машина жасауда ұзақ уақыт құлдыраудан кейін өндіріс көлемдерінің 1,8%-ға өсуі байқалды.

44-график. ІЖӨ декомпозициясы. ІЖӨ өсіміне экономика салаларының салымы, ж/ж өспелі қорытындымен



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері

45-график. Қысқамерзімді экономикалық индикатор, алдыңғы жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғандағы тоқсан



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері

Құрылыс жұмыстарының көлемдері жылдық көрсеткіш бойынша 2017 жылғы бірінші тоқсанда 7,1%-ға өсті (47-график). Жоғары өсу қарқынына мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларын және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды жалғастыру, МӨЗ жаңғырту бойынша жұмыстар, өнеркәсіп объектілерінің құрылысы себепші болды, бұл пайдалануға енгізілген объектілер құрылымында көрсетіледі.

Халықтың нақты ақша табыстарының қалпына келуі бөлшек сауда айналымы көлемінің 5,5%-ға өсуіне себепші болды (48-график).

Бөлшек сауда айналымының құрылымында азық-түлік тауарға жатпайтын тауарлардың үлесі айтарлықтай өсті, бұл тұтынушылық сұраныстың біртіндеп қалпына келуін және кейінгі қалдырылған сұраныс әсерінің іске асырылуын көрсетеді. Сонымен бірге, азық-түліктік инфляциясының жоғары деңгейлері аясында азық-түлік тауарлары сатылымының 2,2%-ға төмендеуі байқалды.


2017 жылғы бірінші тоқсандағы экспорттық және импорттық жеткізілімдердің ұлғаюы көтерме тауар айналымының қалпына келуіне себепші болды, оның өсуі жылдық көрсеткіш бойынша 1,4% болды.

2017 жылғы бірінші тоқсанда қалпына келу үрдістерінің күшеюімен бірге байланыс қызметтерінің көлемі алдыңғы жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда, көбінесе интернет (11,6%) және мобильді байланыс (3,6%) қызметтері бойынша көлемдердің ұлғаюы нәтижесінде 1,3%-ға өскен.

Көлік қызметтері көлемінің өсімі тұрақты болып сақталуда және 2017 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша 3,4% құрады.


Ағымдағы ахуалды және экономиканың нақты секторының кәсіпорындары басшыларының күтулерін қорытындылайтын жиынтық үстеме композиттік индикатордың оң динамикасы 2017 жылғы бірінші тоқсанда сақталып отыр, бұл экономиканың жаңа

46-график. Өңдеу өнеркәсібінің декомпозициясы. Өсімге салалардың үлесі, ж/ж (алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне қатысты кезең)




Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептеулері

47-график. Құрылыстың өсу қарқыны және пайдалануға енгізілген объектілердің үлес салмасы, ж/ж (алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне қатысты кезең)



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері

8-график. Бөлшек сауда айналымы өсімінің құрылымы, ж/ж үдемелі нәтижесімен



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері


жағдайларға біртіндеп бейімделуіне байланысты экономикалық белсенділіктің қалпына келуі жалғасатынын көрсетеді.

Пікіртерім нәтижелері экономиканың барлық негізгі салаларында дайын өнімге сұраныстың одан әрі көбеюі белгілерін көрсетеді.

Респонденттер негізгі сауда әріптес елдерінің валюталарына қатысты теңгенің айырбастау бағамының тұрақтануына, кредиттеу талаптарының шамалы жақсаруына оң баға береді.

Сүзгіден өткізу қағидаттарына негізделген бағалау әдістері 2017 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша шығарылым айырмашылығының теріс мәндерінің сақталып отырғанын көрсетті. Алайда айырмашылық қысқара бастады, бұл экономикадағы дефляциялық қысымның біртіндеп азайғанын көрсетеді (49-график).

49-график. ІЖӨ цикльдық және шығарылым индикаторының, ЖӨ және құрамдас бөліктерінің және шығарылым айырмасының серпіні



Дереккөзі: ҚРҰБ

* композициялық жетекші индикаторды есептеуі ЭЫДҰ әдістемесіне сәйкес қайта қаралған

2.3.3 Еңбек және жұмыссыздық нарығы


Номиналды жалақы 2016 жылғы төртінші тоқсанда 13,7%-ға өскеннен кейін 2017 жылғы бірінші тоқсанда 5,6%-ға өсті (50-график).

2016 жылғы төртінші тоқсанда оң жаққа қарай ауысқаннан кейін нақты жалақы тағы төмендеуді көрсетті. Нақты жалақы серпініне айтарлықтай теріс үлесін кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет қосты, оның төмендеуі 26,0% құрады.

Сонымен бірге, нақты жалақының өсуі басқарушылық және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызметте (15,8%-ға), қаржылық және сақтандыру қызметінде (8,1%-ға) және ауыл шаруашылығында (7,9%-ға) байқалды.

2016 жылы экономикада еңбек өнімділігінің өсуі 1,8% құрады және 2016 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша 1,1%-ға ұлғайғаннан кейін шамалы жеделдетілді. Еңбек өнімділігінің өсуі тауарлар өндірісінде (6,9%-ға) және төмендеуі (1,1%-ға) қызмет көрсету өндірісінде байқалады. Салалар бойынша алғанда еңбек өнімділігінің айтарлықтай өсуі ауыл шаруашылығында (17,9%-ға),

50-график. Номиналды және нақты жалақының индекстері, ж/ж



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК

құрылыста (9,5%-ға) және қаржы және сақтандыру қызметінде (9%-ға) байқалды. Осы салалардағы еңбек өнімділігінің өсуі нақты жалақылардың өсуінен басым, бұл жалпы алғанда инфляциялық тәуекелдердің күшеюіне жағдай жасамайды.

Номиналды жалақыларға қарағанда ІЖӨ-нің үдемелі өсу үрдісі еңбекақы төлеуге үлестік шығындар серпінін айқындауды жалғастыруда (51-график). Мәселен, 2016 жылы еңбекақы төлеуге үлестік шығындардың төмендеуі 4,7% құрады.

2017 жылғы бірінші тоқсанда жұмыспен қамтылған халық санының өсуі 0,8% құрады. Жалдамалы қызметкерлер санының өсуі(1,5%-ға) және өздігінен жұмыспен қамтылған халық санының қысқару (1,2%-ға) үрдісі сақталып отыр (52-график).

Жұмыссыздықтың тұрақты деңгейі экономикалық белсенділіктің жалпы қалпына келуімен, мемлекеттік жұмыспен қамту және экономиканы ынталандыру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде жұмыс орындарын құруды жалғастырумен, ЭКСПО-2017, сондай-ақ экономика салаларының басым бөлігінде өндіріс көлемдерінің өсуімен түсініледі.

Жұмыспен қамтылудың айтарлықтай өсуі жылжымайтын мүлікпен операцияларда байқалды (25,2%-ға).


ЭКСПО-2017-ге дайындық шеңберінде тұру және тамақтандыру қызметтерінде (19,2%-ға), басқа қызмет түрлерін көрсетуде (11,8%-ға), сондай-ақ әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызметте (7,2%-ға) жұмыспен қамтылудың өсуі байқалды. Құрылыста (1,7%-ға) және көлікте (1,6%-ға) жұмыспен қамтылған халық санының өсуі осы салалардағы өсудің оң қарқыны, сондай-ақ экономиканы дамыту және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жұмыспен қамтуды қолдау аясында өтті. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде жұмыспен қамтылған халық санының өсуі (1,2%-ға)

51-график. Еңбек өнімділігінің және еңбектің бірлігіне салыстырмалы шығындардың серпіні, ж/ж




Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері

52-график. Жұмыссыздық деңгейі, жұмыспен қамтылған халық құрылымының өсімі



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері

53-график. Экономикалық қызметтің түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық құрылымының өсімі



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚРҰБ есептері

мұнай бағасының өсуі және Қашаған мұнай кен орнында өндірудің ұлғаюы аясында болды. Нақты ақша табыстарының оң серпіні, сондай-ақ көтерме және бөлшек тауар айналымының өсуі саудада жұмыспен қамтылудың өсуіне (1,7%-ға) ықпал етті (53-график).

2.4 Бюджет саясаты


2017 жылғы бірінші тоқсанда 2016 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда мемлекеттік бюджетке түсімдер аз 2,9%-ға ұлғайғаны байқалды, бұл ретте кірістер бойынша жоспар 104,7%-ға орындалды.

Алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда мемлекеттік бюджеттің кірістері 25,3%-ға өсті, оған негізінен, салық түсімдері мен трансферттер ұлғаюы себепші болды. Кіріс құрылымында салық түсімдерінің үлесі трансферттердің үлесі 20,9%-дан 26,5%-ға дейін ұлғаюы салдарынан 76%-дан 69,4%-ға дейін төмендеді (54-график).

Мемлекеттік бюджеттің шығындары 2016 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда шамалап 0,7%-ға төмендеді. Шығындардың төмендеуі қорғаныс, жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, денсаулық сақтау, көлік пен коммуникациялар сияқты бағыттар бойынша байқалады (55-график). Осы шығындардың жалпы шығындардағы жиынтық салыстырмалы үлесі 27,9% болды. Бұл ретте абсолюттік көрсетуде ең көп әлеуметтік көмекке пен әлеуметтік қамтамасыз етуге (11,5%-ға) және білімге (5,5%-ға) шығындар өсті. Шығындар құрылымы өзгерген жоқ, сонымен қоса әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамтамасыз етуге, сондай-ақ білімге арналған баптың үлесі біраз өсті. Әлеуметтік төлемдердің өсімі бірінші сатының шегінде 2017 жылғы қаңтарда зейнетақыны 9%-ға және жәрдемақыны 7%-ға өсіруге негізделді, екінші сатысы ағымдағы жылғы шілдеде жоспарланып отыр.

Кірістер шығындардан асып түсуіне

54-график. Мемлекеттік кірістер құрылымы



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі, ҚРҰБ есептері

55-график. Мемлекеттік бюджеттің шығындар серпіні, млрд.теңге



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі

қарамастан, 2017 жылғы бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша бюджеттік кредиттер мен қаржылық активтер бойынша операцияларға негізделген мемлекеттік бюджеттің тапшылығы қалыптасты. Берілген бюджеттік кредиттердің сомасы 2016 жылғы ұқсас тоқсандағы көрсеткіштермен салыстырғанда 1,5 есе, сатып алынған қаржы активтерінікі 1,8 есе өсті.

2017 жылғы бірінші тоқсанда мемлекеттік бюджеттің тапшылығы ІЖӨ-ге 0,1% деңгейінде қалыптасты (56-график). Мұнайға жатпайтын тапшылық ІЖӨ-ге қатысты 6,1% болды. Тапшылықтың төмендеуіне кепілді трансферт өсуі есебінен Ұлттық қордан трансферттер сомасы 1,6 есе өсуі себепші болды. Жалпы алғанда, 2017 жылғы кепілді трансферт 2,88 трлн. теңге мөлшерінде бекітілді, нысаналы трансферттің мөлшері 2017 жылғы ақпанда 441,6 млрд. теңгеден 1534,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, осылайша, Ұлттық қордан трансферттердің жалпы сомасы 4,4 трлн. теңгені құрады.


Талданып отырған кезеңде бюджет саясаты ынталандыру сипатта болды. Сонымен қоса бюджеттің шығындары әлеуметтік шығыстар бағытында ғана өсті. Бұл ретте бюджеттің тапшылығы, оның ішінде мұнайға жатпайтын тапшылық төмендеді. Жалпы алғанда, бюджет саясатының инфляциялық процестерге ықпалы бейтарап ретінде бағаланады.

2.5 Төлем балансы

2016 жылғы төртінші тоқсанда төлем балансының ағымдағы шоты 2015 жылғы төртінші тоқсанмен салыстырғанда шетелдік тікелей инвесторларға кірісті төлеуді ұлғайтуды қамтамасыз етіп, экспорттық кірістің өсімімен сипатталды. Қаржы шотының операциялары ағымдағы шоттың тапшылығын ішінара қаржыландыра отырып, төлем балансының 0,5 млрд. АҚШ долларында оң жалпы сальдосын қамтамасыз етті (57-график).

Ағымдағы шоттың шамамен барлық құрауыштары бойынша резиденттердің

56-график. Мемлекеттік бюджет сальдосы ІЖӨ-ге %-бен



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі, ҚРҰБ есептері

кірістерімен салыстырғанда шығыстары барынша тез өсуі ағымдағы шоттың тапшылығы 2,9 млрд. АҚШ долларына (немесе ІЖӨ-ге 6,7%) дейін 2,5 есе ұлғаюына әкеліп соқты (58-график).


Қаралып отырған кезеңде экспорттың құндық өсімі сияқты импорттың құндық көлемі өсуі де байқалды. Энергия тасымалдаушыларға әлемдік бағаның серпіні тауар экспортының көлемі өзгеруінің негізгі факторы болып қалуын жалғастырды (59-график). Мұнайдың әлемдік бағасы өсуі тауар экспорты 2,6%-ға өсуіне қолдау көрсетті.

Астық экспортын қоспағанда, экспорттың құндық көлемі ұлғаюы тауарлардың шамамен барлық топтары бойынша орын алды. Минералды өнімнің экспорты 4,5%-ға өсті (оның ішінде мұнай және газ конденсаты экспортының құны 7,0%-ға өсті). Қара металдардың экспорты бойынша, негізінен нақты жеткізудің көлемі ұлғаюы есебінен, өсімде де байқалды, ол 26,8% болды. Келісімшарт бағасы төмендеу кезінде нақты жеткізудің ұлғаюы түсті металдардың экспорты 2,5%-ға өсуіне әсер етті. Астықтың келісімшарт бағасы қысқаруы астық экспортының 12,2%-ға төмендеуіне себепші болды.

Тауар импорты 3,5%-ға ұлғайды және ол теңгенің номиналды бағамы өсуіне және тұтынушылық сұраныстың оң серпіні өсуіне байланысты болды. Импорттың өсімі аралық өнеркәсіптік тауарларды және инвестициялық тауарларды әкету бойынша келісімшарт баға тиісінше 9,1% және 2,9%-ға төмендеу кезінде нақты жеткізу көлемі ұлғаюы есебінен болды. Тұтынушылық тауарлар бойынша аздаған өсім (0,9%-ға) орын алды. Бұл ретте азық-түлік тұтынушылық тауарларды әкелу 3,4%-ға өсті, ал азық-түлікке жатпайтын тұтынушылық тауарларды әкелу 0,8%-ға төмендеді.


Теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 0,5%-ға төмендеді (теңгенің ТМД және қалған елдердің валюталар қоржынына қатысты нақты

57-график. Төлем балансы, тоқсанға




Дереккөзі: ҚРҰБ

58-график. Ағымдағы операциялар шоты



Дереккөзі: ҚРҰБ

59-график. Тауарлар және қызметтер экспорты және импорты



Дереккөзі: ҚРҰБ

көрсету бойынша әлсіреді). Бұл ретте, ТМД елдерінің валюталар қоржынына қатысты теңге 7,3%-ға әлсіреді, ал қалған елдердің валюталары қоржынына қатысты 2,8%-ға нығайды.


Алдыңғы кезеңнің тиісті тоқсанына қатысты теңгенің нақты көрсетілуі АҚШ долларына қатысты 4,0%-ға, евроға – 4,4%-ға, рубльге – 8,4%-ға әлсіреді, ал юаньге қатысты 3,0%-ға нығайды. 2013 жылғы желтоқсандағы бәсекеге қабілеттіліктің базалық деңгейіне нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 23%-ға төмендеді, бұл Қазақстан тауарларының бағамдық бәсекеге қабілеттілігі сақталғанын білдіреді (60-график).

Теңгенің Ресей рубліне қатысты нақты әлсіреуі Ресейлік аналогтарға қарағанда Қазақстан тауарларының арзандауына әкелсе де Ресейден тауар импорты өсуін (14,0%-ға) шектемейтінін ескеруге болады. Теңгенің юаньге қатысты нақты бағамы қымбаттауы аясында Қытайдан тауар импортының көлемі өскені (9,2%-ға) байқалды.

Негізгі сауда серіктес елдердің валютасына қатысты теңгенің нақты бағамы арзандауы сауда талаптарының жиынтық индексі шамамен нашарлауының (10%-ға) себепшісі болды. Еуро аймағының елдерімен сауда талаптарының индексі 13%-ға, Ресеймен 27%-ға төмендеді (1-кесте).

Қызметті саудалау тапшылығы қысқаруы есебінен ағымдағы шотқа қысым төмендегені байқалады (1,3 млрд. АҚШ долларына дейін 8,4%-ға). Қысқару қызмет экспорты төмендеу қарқынынан қызмет импорты төмендеуінің үдемелі қарқынымен қамтамасыз етілді. Қызмет экспортының төмендеуі құрылыс және көлік қызметі есебінен орын алды, оларда ең көп үлес мұнайдың және газдың республика аумағы бойынша құбыр арқылы транзиті бойынша қызметке тиесілі. Қызметтің импорты қысқаруы бейрезиденттердің көлік қызметі, резиденттердің шетелге шығуы және өзге іскерлік қызметтер бойынша тіркелді, олар

60-график. Теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының индексі (желтоқсан 2013 = 100%)



Дереккөзі: ҚРҰБ

1-кесте. Баға индекстерінің және сауда шартының өзгеруі

(өткен жылғы тиісті кезеңге, %)

	3 т. 15	4 т. 15	1 т. 15	2 т. 16	3 т. 16	4 т. 16
Экспорт бағалары	-39	-42	-36	-31	-21	-6
Импорт бағалары	-9	-2	7	-5	16	4
Сауда шарты	-33	-41	-41	-27	-32	-10
соның ішінде:						
Еуроаймақ елдері						
Экспорт бағалары	-46	-49	-41	-34	-18	0
Импорт бағалары	-15	-43	15	-10	14	15
Сауда шарты	-36	-10	-48	-27	-28	-13
Ресей						
Экспорт бағалары	-30	-20	-14	-23	-14	-16
Импорт бағалары	-31	-23	-13	-8	25	15
Сауда шарты	2	4	-1	-16	-31	-27

Дереккөзі: ҚРҰБ

негізінен, бейрезиденттердің республика аумағында ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруымен байланысты. Қызмет импортының аталған төмендеуі бейрезиденттердің «ЭКСПО-2017» объектілерін және басқа объектілерді салуына қатысуымен байланысты резиденттердің құрылыс қызметін тұтынуы бойынша шығыстары өсуімен ішінара өтелді.

Бастапқы кірістердің теріс сальдосы екі еседен астам өсті, ол шетелдік тікелей инвесторлардың кірістері 2 еседен астам өсуіне негізделді. Тікелей инвестициялау қатынастарымен байланысты емес кредиторларға сыйақыны төлеу аздап (2,1%-ға) өсіп, 706,2 млн. АҚШ доллары болды. Сонымен қоса, қаралып отырған тоқсанда резиденттердің шетелдік үлестес бейрезиденттерді қаржыландырудан және шетелдік активтерге ҚР Ұлттық қорының қаражатын және халықаралық резервтерді орналастырудан түскен кіріс өскені байқалады.


Қаржы шоты бойынша (резервтік активтерді қоспағанда) резиденттердің активтерін төмендету кезінде олардың міндеттемелері өсуі есебінен капиталдың 1,6 млрд. АҚШ долларында таза әкелінуі қалыптасты.

Ол резиденттердің шетелдік шоттардағы активтері өсуімен байланысты әкетілумен ішінара өтелген тікелей және портфельдік инвестициялау операциялары бойынша әкелінумен қамтамасыз етілді (61-график).

Шетелдік тікелей инвестициялар бойынша 2,3 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі қомақты таза әкеліну негізінен шетелдік тікелей инвесторлар кірістерін қайта инвестициялаумен, сондай-ақ шетелдік тел кәсіпорындардан фирмааралық қарыз алумен қамтамасыз етілді. Шетелдік тікелей инвестициялардың негізгі салымдары мұнайгаз секторын, металлургия өнеркәсібін және көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындарын қаржыландыруға бағытталды.

Портфельдік инвестициялар бойынша

61-график. Қаржылық операциялар шоты



Дереккөзі: ҚРҰБ

таза әкеліну Ұлттық қордың шетелдік активтері қысқаруы нәтижесінде қалыптасты. Сонымен қоса, Қазақстанның борыштық бағалы қағаздары бойынша міндеттемелердің төмендеуі портфельдік инвестициялардың балансы бойынша әкелуді ішінара өтеді, ол қорытындысында 2,0 млрд. АҚШ доллары болды.

Орташа және ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша 763,7 млн. АҚШ долларында таза әкелу негізінен банктік емес сектор кәсіпорындарының дебиторлық берешегі төмендеуімен қамтамасыз етілді. Қысқа мерзімді инвестициялар бойынша 3,5 млрд. доллар таза әкетілу көбінесе Ұлттық қордың және банктік емес ұйымдардың активтерін шетелдік шоттарда орналастыруға негізделді.

II. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР БОЛЖАМЫ ЖӘНЕ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫНЫҢ БҰДАН БЫЛАЙҒЫ БАҒЫТТАРЫ


Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы 2017 жылғы 18 мамырдағы жағдай бойынша статистикалық ақпарат негізінде дайындалды.

1. БОЛЖАМДАРҒА АРНАЛҒАН СЫРТҚЫ ӨЛШЕМДЕРДІҢ НЕГІЗГІ ЖОРАМАЛДАРЫ


2016 жылғы төртінші тоқсанда үлесіне Қазақстанның жалпы сыртқы тауар айналымының 55,5%-ы тиесілі Ресей, ЕО және Қытай тарапынан қазақстандық экспорттық тауарларға деген сұранысқа байланысты сауда талаптарына қатысты алғышарттар 2016 жылғы төртінші тоқсандағы Инфляцияға шолудағы алдыңғы болжамдармен салыстырғанда қатты өзгерістерге ұшырай қойған жоқ. Халықаралық ұйымдардың бағалауын ескеретін Ұлттық Банктің күтулеріне сәйкес ортамерзімді кезеңде сыртқы сұраныстың қалпына келуі күтілуде, ол Қазақстандағы экономикалық өсуге ықпал етеді. Сыртқы сұраныстың кеңейуі көбінесе Ресей экономикасының оң өсу қарқынын қалпына келтіру есебінен, сондай-ақ Қытай экономикасының өз әлеуетіне қарағанда қалыпты өсуі және ЕО-дағы әлсіз экономикалық өсім есебінен болады (62-график).

Саудадағы негізгі әріптес елдердегі инфляцияның аясы жалпы алғанда қолайлы (63-график). Ресей Федерациясындағы инфляция болжамдары өзгерген жоқ, және мақсатқа 4% қол жеткізуі күтілуде, бұл ретте инфляция 2017 жылы белгіленген мақсаттан төмен болуы да ықтимал. Импортталатын тауарлар тарапынан аздаған инфляциялық қысым ЕО-дағы инфляцияның өсуін күтуге байланысты байқалуда, ол 2018 жылғы төртінші тоқсанда 1,5%-ға жетеді.

62-график. Қазақстанның негізгі сауда әріптестері елдер бөлігіндегі сыртқы сараланған ІЖӨ декомпозициясы, %, ж/ж



63-график. Қазақстанның негізгі сауда әріптес елдерінің орташа алынған инфляциясы, %, ж/ж



Қысқамерзімді кезеңде экспорттар арасындағы бәсекелестіктің күшеюі талаптарында азық-түлік тауарларының әлемдік бағаларының аздап төмендеуі күтілуде, ол әлемдегі ұсыныстар көлемін жоғары деңгейде сақтап тұрады. Ортамерзімді кезеңде азық-түлік тауарларының әлемдік бағаларының тұрақтануы күтілуде. Осы фактордың инфляциялық процестерге әсер етуіне байланысты Қазақстанда инфляция бір қалыпты болады деп күтілуде.

Brent маркалы мұнайдың бағасы 2016 жылғы желтоқсаннан бастап бір баррель үшін 50 АҚШ долларынан астам болды және 2017 жылғы бірінші тоқсанда ол бір баррель үшін 54,7 АҚШ доллары болды. Осыған байланысты, сондай-ақ шикі нарық бойынша жағымды күтулерді ескере отырып негізгі сценарий ретінде мұнай бағасын бір баррель үшін 50 АҚШ доллары деңгейінде пайымдайтын сценарий қарастырылды.

Ортамерзімді кезеңдегі сыртқы монетарлық талаптарға қатысты күтулер өзгерген жоқ. АҚШ ФРЖ федералдық қоры бойынша мөлшерлеменің одан әрі ұлғаюы аясында монетарлық талаптардың күшейтілуі бұрынғысынша болжанып отыр.

2. БАЗАЛЫҚ СЦЕНАРИЙ БОЙЫНША БОЛЖАМ

Мұнай бағасы бір баррель үшін 50 АҚШ доллары болғанда Қазақстанның ІЖӨ нақты өсу болжамы 2017 жылы 2,8% деңгейде болады деп күтілуде. Экономикалық белсенділікті қалпына келтіру 2017 жылғы бірінші тоқсанда, бұрын күтілгеннен де аса жоғары қарқында болды. Өндіріс көлемдерінің өсуі экономиканың барлық негізгі салаларында тіркелді, негізгі капиталға инвестициялардың өсуі сақталды, жылдық инфляция бәсеңдеуі талаптарында нақты ақша кірістерінің оң серпіні байқалады. Нәтижесінде нақты ІЖӨ өсімі оң бола бастады.

Экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күші нақты еңбекақының, негізгі капиталға инвестициялардың, минералдық

ресурстарды өндіру көлемінің және өндірісінің өсуі аясында ішкі тұтынуды қалпына келтіру болмақ. Бұл ретте, Қазақстан экономикасы өсуінің ұзақмерзімді әлеуеті өзгерген жоқ және бұрынғыдай 3-4% деңгейінде бағаланады.

Ішкі тұтынуды қалпына келтіруден болатын оң әсер импортты арттыру ішінара өтелетін болады. Сонымен қатар, нақты пайыздық мөлшерлеме бейтарап әсер етеді деп күтілуде, яғни ортамерзімді кезеңде ішкі тұтынуды ұстап тұратын болады.


Нәтижесінде, барынша жоғары база өткен болжамдармен салыстырғанда 2017 жылы 2018 жылға экономиканың өсу қарқынын қайта қарауда көрініс тапты және шамамен 3,6%-дық деңгейде бағаланады (64-график).

Ұзақмерзімді кезеңде ІЖӨ-нің өсуі өзінің әлеуетті мәніне жетуге ұмтылады. Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, шығарылым 2018 жылғы бірінші тоқсанның бастап өзінің әлеуетті деңгейінен жоғары болады және әлсіз проинфляциялық қысым жасайды, яғни ақша-кредит саясаты жаңа талаптарда – шығарылымның әлсіз оң алшақтығы кезінде жүргізіледі.

Нақты экспорт пен импорттың көрсеткіштерінің болжамы 2016 жылғы төртінші тоқсандағы инфляцияға шолумен салыстырғанда аздаған өзгерістерге ұшырады. Тиісінше, таза экспортта маңызды өзгерістер болмады және таза экспорттың ІЖӨ-нің өсуіне салымын бағалау өзгерген жоқ.

Ішкі тұтынудың күтпеген жоғары қарқыны 2017 жылдың басынан бастап ІЖӨ бойынша болжамдарды қайта қарау факторларының бірі болды. Үй шаруашылығының тұтыну шығындарының өсуі айырбастау бағамының құбылмалылығының төмендеуімен және жаңа экономикалық талаптарға бейімделумен, оның ішінде азық-түлікке жатпайтын тауарларға сұраныстың болмауымен негізделді, ол азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бөлшек саудасы

64-график. ІЖӨ тоқсан өткен жылғы тиісті тоқсанына, %



көлемдерінің ұлғаюымен расталады.


Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, жалпы жинақ өңдеу және тау-кен өндіру өнеркәсібі, жылжымайтын мүлікпен операциялар, ауыл шаруашылығы мен көлік салаларында негізгі капиталға инвестициялар есебінен өсетін болады. Қарыз қаражатын тартудың баға талаптарын жақсарту, атап айтқанда, қорландыру құнын төмендету және аясында инвестицияларды қаржыландыру талаптарының одан әрі жақсарғаны және өзінің тең салмақты жағдайының айырбастау бағамына ақырындап қол жеткізгені байқалады, ол импорттық инвестициялық тауарлардың қолжетімділігін арттырады.

Базалық сценарийге сәйкес ортамерзімді кезеңде нақты тиімді айырбастау бағамын нығаюы болады. Аталған нығаю инфляциялық үдерістердің төмендеуімен, барлық болжамды кезеңдерде мұнай бағасының бір баррель үшін 50\$ деңгейінде тұрақтануы нәтижесінде номиналды айырбастау бағамының нығаюымен негізделеді.

Ортамерзімді болжамдарда мемлекеттік тұтынудың алғышарттары тапшылық пен 2017 жылға арналған нысаналы трансферттің ұлғаюы нәтижесінде өзгерді. Осыған байланысты фискалды саясаттың позициясы қайта қаралды, ол ағымдағы жылы ынталандыру сипатында болады.

Базалық сценарий жағдайында 2017 жылы нысаналы дәліздің ішінде инфляцияның тұрақтануы және оның ортамерзімді кезеңде одан әрі төмендеуі күтілуде. Бұл ретте, қысқамерзімді кезеңде 2016 жылдың екінші жартысының төменгі базасы салдарынан 2018 жылғы үшінші тоқсанда инфляция аздап өсуі мүмкін (65-график). Ортамерзімді кезеңде инфляцияның төмендеуіне, қолайлы сыртқы инфляциялық ая, тең салмақты мәндерге нақты тиімді айырбастау бағамының қалпына келуі және азық-түліктік инфляцияға айтарлықтай әсер ететін дәнді-дақылдарға бағаның тұрақтануы туралы болжаулар ықпал ететін болады.

65-график. Тоқсан ішінде орташа есеппен алғандағы инфляция, ж/ж, %



Нәтижесінде, бұл инфляциялық күтулерді, бірінші кезекте инфляцияның азық-түлік құрамдасын төмендетуге себеп болуы мүмкін. Бұл ретте, тұтынушылық сұратудың қалпына келуі аясында инфляцияның азық-түлікке жатпайтын құрамдасы бойынша инфляциялық күтулердің барынша баяу төмендеуі болжанып отыр.

Инфляция бойынша мақсаттарға қол жеткізу және тең салмақты мәнде нақты тиімді айырбастау бағамына қол жеткізу кезінде базалық мөлшерлеменің төмендеуіне трендті ескере отырып, ортамерзімді перспективада ақша-кредит саясатын бейтарап ретінде бағалаған дұрыс.

3.ОРТАМЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Болжанатын басты тәуекел болжанатын толық кезең ішінде Brent маркалы мұнай бағасының төмендеуі болып қалады.

Бір баррель үшін 40 АҚШ доллары пессимистік сценарийді іске асыру жағдайында инфляцияның 2017 жылы нысаналы дәліздің шегінен шығуының жоғары тәуекелі орын алады. Аталған сценарий кезінде Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын іске асыру тәсіліне барынша консервативті тұрғыда қарайтын болады.

Іске асырылуы инфляция болжамына елеулі түрде әсер ететін қосымша сценарийлер:

– нарықта азық-түлік тауарларын ұсыну тарапынан күйзелістердің жалғасуы кезінде инфляцияның 2017 жылғы нысаналы дәліздің жоғарғы шегінен шығуы біршама ұлғаяды, бұл ретте ақша-кредит саясаты қатаңдатылмайды, өйткені аталған күйзеліс әсерінің теріс сипаты бар, және ол 2018 жылғы 2 тоқсанда тынышталады;

– ортамерзімді кезеңде Brent маркалы мұнай бағасын бір баррель үшін 60 АҚШ долларына дейін қалпына келтіруді болжайтын сценарий іске асқан кезде, инфляцияның 2018 жылғы нысаналы дәліздің ең төменгі шегінен шығуы тәуекелін ұлғайтады. Ұлттық Банк инфляцияны 2018 жылы 5-7%-дық нысаналы дәлізге кіргізу

үшін барлық қолжетімді құралдарды қолдануы мүмкін;

– нақты еңбекақы төлемдерінің өсу қарқынының жалпы экономикада, сондай-ақ оның жеке секторларында еңбек өнімділігінің өсуінен асып түсуі проинфляциялық сұраныстың барынша жедел өсуіне әкеп соғуы мүмкін, ол инфляцияның азық-түлікке жатпайтын құрамдасының үдемелеуіне әсер етуі мүмкін;

– алыдын-ала дайындықсыз ФРЖ саясатының тез әрі елеулі түрде күшеюі ауқымды активтерді қайта бөлуге әсер етеді, бұл инфляциялық күтулерді күшейтуі мүмкін;

– негізгі айнымалыларды болжау кезінде есепке алынбайтын мұнай бағасының жоғары құбылмалығы девальвациялық және инфляциялық күтулерді күшейтуге ықпал етіп, долларсыздандыру қарқыны тоқтауы мүмкін, ол болжанып отырған өлшемдерге теріс әсерін тигізетін болады;

– болжамда инфляциялық күтулердің төмендеуі және олардың таргеттелетін деңгейлерде орнығуы ескеріледі. Инфляциялық күтулер өскен жағдайда инфляцияның нақты траекториясы болжамдалғаннан жоғары қалыптасады.

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ҰҒЫМДАР

Базалық инфляция – әкімшілік, оқиғалық және маусымдық сипаттағы жекелеген факторлардың ықпалымен бағаның қысқамерзімді біркелкі емес өзгерістерін болдырмайтын инфляция.

Базалық мөлшерлеме – Ұлттық Банктің ақша нарығындағы бір күндік операциялары бойынша нысаналы пайыздық мөлшерлеме.

Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы – ұзақ уақыт бойы өндіріс барысында пайдаланылатын қаржылық емес активтердің өсуі. Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы мынадай құрамдас бөліктерден тұрады: а) есептен шығаруды шегергенде, жаңа және қолданыстағы негізгі қорларды сатып алу; б) жасалған материалдық активтерді ірі жақсартуға шығындар; в) жасалмаған материалдық активтерді жақсартуға шығындар; г) жасалмаған шығындарға меншік құқығын беруге байланысты шығыстар.

Валюталық своп – бір валютаның белгілі бір санын басқасына әр түрлі екі валюталау күнімен айырбастай отырып бір мезгілде сатып алу мен сатуды болжайтын валюталық мәміле. Ұлттық Банктің «валюталық своп» мәмілелері шетел валютасының қамтамасыз етуімен белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша «овернайт» шарттарымен теңгедегі өтімділікті беру құралы болып табылады.

Ішкі жалпы өнім – өндірістің пайдаланылған факторларының ұлттық тиесілігіне қарамастан, тұтыну, экспорт және жинақтау үшін мемлекеттің аумағында экономиканың барлық салаларында жасалған барлық соңғы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің (яғни тікелей пайдалануға арналған) нарықтық құнын көрсететін көрсеткіш.

Ақша базасы (резервтік ақша) Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда (Ұлттық Банктен тыс қолма-қол ақша) Ұлттық Банк айналысқа шығарған қолма-қол ақша, банктердің аударылатын және басқа да депозиттері, банктік емес қаржы ұйымдарының аударылатын депозиттері және мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың Ұлттық Банктегі теңгедегі ағымдағы шоттары.

Ақша массасы (М3) Ұлттық Банктің және банктердің баланстарының шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшаның және банктік емес резидент заңды тұлғалардың және халықтың ұлттық және шетел валютасындағы аударылатын және басқа да депозиттерінен тұрады.

Экономиканы долларландыру – шетел валютасы (көп жағдайда – АҚШ доллары) ел ішіндегі немесе оның экономикасының жекелеген секторларында операцияларды жүзеге асыру үшін қолданыла бастайтын жағдай, бұл ретте ұлттық валюта ішкі ақша айналымынан ығыстырылады, жинақтау, құн өлшемі және төлем құралы болады.

Тұтыну бағаларының индексі (бұдан әрі – ТБИ) – халықтың тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағаның жалпы деңгейінің өзгеруі. Инфляцияны есептеу үшін Қазақстанның тұтынушылық қоржыны үй шаруашылықтары шығыстарының құрылымын көрсетеді және халық тұтынуындағы ең көп үлестік салмақты алатын тауар мен көрсетілетін қызметті қамтиды. ТБИ тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің белгіленген жиынтығының ағымдағы кезеңнің бағасымен құнының оның алдыңғы (базистік) кезеңнің бағасымен құнына қатынасы ретінде

есептеледі. Индексті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті есептейді.

Инфляция – тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағаның жалпы деңгейінің өсуі. Қазақстандағы инфляция тұтыну бағаларының индексімен өлшенеді.

Инфляциялық таргеттеу – инфляцияның нысаналы деңгейіне қолжеткізуге бағдарланған ақша-кредит саясатының режімі.

Бұл режімнің артықшылығы инфляцияны төмендету және төмен деңгейде тұрақтандыру түрінде ақша-кредит саясатының мақсаттарын нақты сәйкестендіру болып табылады. Орталық банктің бір мақсатқа нақты бағдарлануы нарықтардың орталық банкке деген сенімін әлеуетті түрде арттырады. Сонымен қатар инфляцияны төмендету және оның төмен қарқындарын тиімді ұстап тұру түпкілікті нәтижесінде экономиканың тұрақты өсуін қолдайды.

Композиттік индикатор – экономиканың нақты секторын дамытудың қысқамерзімді үрдістерін көрсету үшін қызмет ететін жинақтаушы индикатор. Композиттік индикатор ілгері жүру қасиетіне ие бола отырып, экономикада ілгерілеу және құлдылау болған және өзгерген кезде циклдік өзгеруді көрсету және ауысу нүктелерін анықтау үшін қолданылады. Композиттік индикатор конъюнктуралық зерттеулердің қатысушылары болып табылатын Ұлттық Банктің кәсіпорындары жүргізетін сауалнамалардың нәтижелері негізінде қалыптасады.

Қысқамерзімді экономикалық индикатор жеделділікті қамтамасыз ету мақсатында есептеледі және ІЖӨ-нің 60%-нан асатын базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда,

көлік және байланыс бойынша шығарылымдар индекстерінің өзгеруіне негізделеді. Көрсеткіш бақыланбайтын экономика бойынша есептелмей және басқа макроэкономикалық түзетулерді қолданбай қалыптастырылады.

Кредиттік аукциондар – Ұлттық Банктің бағалы қағаздарын кері сата отырып сатып алу бойынша аукционы.

Ең төменгі резервтік талаптар (ЕТРТ) – банк өз кассасында қолма-қол ақша және Ұлттық Банктің корреспонденттік шоттарында ұлттық валютадағы (резервтік активтер) ақша түрінде ұстайтын банктің міндеттемелері сомасынан міндетті үлес. Банктердің резервтелетін міндеттемелер көлемін ЕТРТ нормативтері реттейді.

Ақша-кредит саясатының номиналдық зәкірі. Белгілі бір көрсеткіш, оның ішінде макроэкономикалық көрсеткіш, оның көмегімен Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының түпкілікті мақсатына ықпал етеді.

Инфляцияны реттеу мақсатында орталық банктер өздері тікелей басқара алатын немесе «номиналдық зәкір» (nominal anchors) деп аталатын көрсеткіштерге ықпал етеді. «Номиналдық зәкір» ретінде мысалы, ақша массасы ақшалай таргеттеу режімі кезінде, валюталық бағам айырбастау бағамын таргеттеген кезде, ақша нарығының қысқамерзімді мөлшерлемелері инфляциялық таргеттеу кезінде болуы мүмкін. Орталық банктің қандай да болмасын «зәкірін» таңдауы ел экономикасының ерекшелігіне және онда қалыптасқан ақша және қаржы нарығы жүйесіне, сондай-ақ ақша-кредит саясатының режіміне байланысты.

Кері РЕПО – бағалы қағазды белгілі бір мерзімнен кейін бұрын белгіленген бағамен кері сату міндеттемесімен сатып алу мәмілесі. Ұлттық Банк бағалы қағаздар

кепілімен банктерге теңгедегі өтімділік беру мақсатында Ұлттық Банктің кепілмен қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес кері РЕПО операцияларын жүргізеді.

Ашық нарықтағы операциялар – базалық мөлшерлеме аясында пайыздық мөлшерлемелердің деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығындағы өтімділікті беру немесе алу үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы жүйелі операциялары.

Тұрақты қолжетімділік (тұрақты тетік) операциялары – ашық нарықтағы операциялардың нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемін түзету бойынша ақша-кредит саясатының құралдары. Тұрақты тетіктер мәміленің бір тарабының субъектісі Ұлттық Банк болып табылатын екіжақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Аударым депозиттері – бұл 1) кез келген сәтте номинал бойынша ақшаны айыппұлдар мен шектеулерсіз айналдыруға болатын; 2) чектің, траттың немесе жиро-тапсырмалардың көмегімен еркін аударылатын; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылатын барлық депозиттер. Аударым депозиттері тар ақша базасының бір бөлігі болып табылады.

Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт кезеңі аяқталғаннан кейін ғана алынуы немесе көбіне жинақтау тетігіне қойылатын талаптарға жауап беретін қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін оларды қолайсызырақ ететін түрлі шектеулері болуы мүмкін жинақтау және мерзімді депозиттер. Сонымен қатар, басқа депозиттер аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттерден де тұрады.

Әлеуетті шығарылым. Экономикадағы өндіріс факторларын толық іске қосу және

толық жұмыспен қамту кезінде қол жеткізуге болатын шығарылым деңгейін көрсетеді. Өндірілуі мүмкін және бағалардың өсу қарқынының өзгеруіне алғышарттар құрмастан-ақ іске асырылуы мүмкін өнім көлемін көрсетеді.

Тұтыну себеті – бұл адамның немесе отбасының айлық (жылдық) тұтынуының типті деңгейі мен құрылымын сипаттайтын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер жиынтығы. Мұндай жиынтық тұтыну себетінің қолданыстағы бағамен құнына қарай ең төменгі күнкөрісті есептеу үшін пайдаланылады. Тұтыну себеті тұтынудың есептік және нақты деңгейлерін салыстырудың, сондай-ақ валюталардың сатып алыну деңгейін айқындау үшін негіз болады.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігінің пайыздық арнасы – орталық банктің экономикаға пайыздық мөлшерлемелерді реттеу арқылы әсерін сипаттайтын трансмиссиялық тетік арнасы.

Тікелей РЕПО – белгілі бір мерзім өткеннен кейін алдын ала белгілі бір бағамен кері сатып алу міндеттемесімен бағалы қағазды сату мәмілесі. Ұлттық Банк шектен тыс теңге өтімділігін алу мақсатында кері РЕПО мәмілесін жүргізеді.

Еркін өзгермелі айырбастау бағамы. Халықаралық валюта қорының қолданыстағы жіктеуіші бойынша өзгермелі валюта бағамының режимі шеңберінде орталық банк бағамның нарықтық факторлардың әсерімен белгіленуіне мүмкіндік бере отырып, бағамның деңгейі немесе өзгеруі үшін бағдарлар, оның ішінде операциялық бағдарлар белгілемейді. Бұл ретте орталық банк ұлттық валюта бағамының құбылмалылығын реттеу немесе оның шамадан тыс өзгеруінің алдын алу үшін, сондай-ақ қаржы жүйесінің

тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ішкі валюта нарығына тұрақсыз ықпал етуді жүзеге асыру мүмкіндігін өзінде қалдырады.

Шығарылым айырмасы (ІЖӨ гәп). Пайызбен берілген ІЖӨ-нің әлеуетті шығарылымнан ауытқуы. Нақты ІЖӨ мен әлеуетті ІЖӨ-нің арасындағы белгілі бір уақыт аралығындағы айырманы білдіреді. Елде пайдаланылатын ресурстардың тиімділігін көрсететін индикатор болады. Нақты шығарылым әлеуетті шығарылымнан асып кеткен жағдайда (шығарылымның оң айырмасы) басқа да тең жағдайларда экономиканың қызып кетуіне байланысты бағаның өсу қарқынының жылдамдау үрдісінің қалыптасуы күтіледі. Теріс айырманың болуы экономикалық белсенділіктің төмен болуына байланысты бағаның өсу қарқынының болжамды баяулауын білдіреді. Шығарылымның өзінің әлеуетті деңгейінің айналысында ауытқуы экономикадағы іскерлік циклдарды көрсетеді.

Нақты айырбастау бағамы – екі елде өндірілетін тауардың салыстырмалы түрдегі бағасы, елдер арасындағы тауарлар айырбастау тепе-теңдігі. Нақты бағам номиналды бағамға, валюталар бағамдарының арақатынасына, тауарлардың ұлттық валюталардағы бағаларына байланысты.

TONIA (Tenge OverNight Index Average) мөлшерлемесі – биржада автоматты РЕПО секторында мемлекеттік бағалы қағаздармен бір жұмыс күні мерзімімен жасалған репоны ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі – ақша-кредит саясаты құралдарының экономиканың өсуі, инфляция сияқты соңғы макроэкономикалық көрсеткіштерге ықпал ету процесі.

Тар ақша базасы банктердің Ұлттық Банктегі басқа депозиттерін есептемегендегі ақша базасын білдіреді.

NDF – валюталық тәуекелдерді хеджирлеу үшін пайдаланылатын жеткізілімсіз форвардтық мәмілелер.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

- АҚШ – Америка Құрама Штаттары
БҰҰ ААШҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы
БИ – бағалар индексі
ЕО – Еуропалық Одақ
ЕОБ – Еуропа орталық банкі
ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім
ҚҚС- қосылған құн салығы
ҚР ҰЭМ СК – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті
ИИДМБ – Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
ҚҚБ – Қазақстан қор биржасы
ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚР – Қазақстан Республикасы
МӨЗ – мұнай-өңдеу зауыты
ОПЕК – мұнай экспорттаушы елдер ұйымы
ТБИ – тұтыну бағаларының индексі
ФАО – БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы
ФРЖ – Федералдық резервтік жүйе
ММІ – Money Market Index
Млрд. - миллиард
Млн. - миллион
Долл. – доллар